

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

**Бас редактор:** Оспанова Б.Қ. – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры

**Редактор:** Нұрсейтова А.Н – Ұйымдастыру-аналитикалық жұмыстар қызметінің жетекшісі

**Құрастырушылар:** Рахимжанова Г.Т. – Ғылыми-әдістемелік қызметінің топ жетекшісі, Кривков А.Л. – т.ғ.к., Ғылыми-әдістемелік қызметтің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы – қазақстандық, сондай-ақ шетелдік авторлардың Қазақстан туралы жариялаған еңбектерінің рефераты негізінде құрастырылатын жалғасты басылымның нұсқасы.

ҚР Ұлттық кітапханасына қазақ және орыс тілдерінде келіп түскен құжаттар: монографиялар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары және басқа да баспа басылымдар рефераттар жазу үшін пайдаланылады.

Рефераттар Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттардың рубрикаторы (МҒТАР) және Әмбебап ондық жіктеуге (ӘОЖ) сәйкес орналастырылады және рефератталатын құжаттың библиографиялық сипаттамасын, ӘОЖ кодын және МҒТАР айдарының кодын және рефераттық журналдың шыққан нөмірі мен жылын, рефераттың реттік санын қамтиды. Мысалы, ӘОЖ 008. 13.01.21.001. жазбасы мынаны білдіреді: 008 (Мәдениет) - ӘОЖ коды. 13 - МҒТАР айдары (Мәдениет). 01 - реферат журналының нөмірі. 21 – (2021 жылы шыққан). 001. (Рефераттың реттік нөмірі) дегенді білдіреді.

Реферативтік журналдың құрылымы негізгі бөлімнен, яғни реферат мәтіндері, сонымен қатар Есімдер көрсеткішін, Рефератталған материал дереккөздерінің тізімін қамтитын анықтамалық-іздеу аппаратынан тұрады. Реферативтік журнал мазмұнында тақырыптық құрылымын көрсететін МҒТАР айдарларының бөлімдері мен кіші бөлімдері берілген.

Рефераттық журналдың «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» 7 сериясының 1-ші шығарылымында филология, әдебиет, әдебиеттану, халық шығармашылығы, бейнелеу, музыка және кино өнері, музыкатану, кітапхана ісі, кітапханатану, музей ісі және музейтану (музеология) және басқа да ғылымдар бойынша рефераттар ұсынылған.

Рефераттық журнал электронды форматта шығады (6-серия: «Қоғамдық ғылымдар» жылына екі рет; 7-серия: «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» – жылына бір рет шығады) және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сайтында [www.nlrk.kz](http://www.nlrk.kz) орналастырылады.

Реферативтік журнал ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлеріне, ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, кітапханашыларға, сонымен қатар Қазақстан туралы жаңа әдебиетке қызығушылық танытқандарға арналған.

Редакция алқасы реферативтік журналдың дайындалу сапасы жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберуді өтінеді: 050013, Алматы, Абай даңғылы, 14. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық библиография қызметі, тел.: +7(727) 267-28-63, e-mail: [nbibliografia@mail.ru](mailto:nbibliografia@mail.ru)

РЕФЕРАТИВТІК ЖУРНАЛ  
Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер.

№ 1

Алматы, 2021

---

---

13 МӘДЕНИЕТ

ӘОЖ 008

13.01.21.001. **Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы** : жоғары және орта білім беру орындарына арналған оқулық / Т. Ғабитов. – Алматы : Лантар Трейд, 2020. – 257 б.

Оқулықта қазақ мәдениетінің рухани, этникалық, діни және әлеуметтік құндылықтарына, олардың тарихи дәуірлер арасын жалғастырушы сабақтастық рөліне және тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің бүгінгі мен болашағына феноменологиялық, тарихи және мәтіндік талдау жасалады. Оқулықтың негізін аталмыш мәселеге қатысты тың ғылыми зерттеулер құрады, сонымен қатар Қазақстан мәдениетінің қазіргі жаһандану кеңістігіндегі инновациялық үрдістеріне сараптау беріледі.

Автор кітап мазмұнын 4 модуль шеңберінде қарастырып, әр модульді жеке тақырыптарға жіктейді. 1-модульде мәдениет пен өркениет туралы жалпы түсінік сипатталып, мәдениеттің өте күрделі, көпдеңгейлі жүйе екені айтылады. Сондай-ақ, автор: «Мәдениет – философиялық ой-толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарының бірі. Мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі пайдаланылады. Қысқасы, бұл ұғым саналы іс-әрекет жемісін даму үдерісінде көрсетуге бағытталған. Әрбір тарихи дәуірдің өзіндік мәдениеті бар. Сол сияқты әрбір халықтың өзіне ғана тән дәстүрлері болады», - деп атап өтеді.

2-модульде қазақ мәдениетінің тарихи нысандары қарастырылады. Бұл бөлімді қазақ мәдениетінің бастаулары, оның мифологиялық санасы, дәстүрлі қазақ мәдениетінің хронотоптары және т.б. тақырыптар топтастырылып, мәдениет пен өркениет ұғымдары кеңінен талданады. 3-модульде автор қазақ дәстүрлі мәдениетінің типологиясын бейнелеу өнерінің мәдени ерекшеліктері, көркем мәдениеттегі ою-өрнектің рөлі, дәстүрлі ойын-сауық мәдениеті төңірегінде баяндайды. 4-модульде Қазақстан Республикасы мәдениетінің әмбебаптылығы мен төлтумалығы тақырыбының аясында еліміздегі жаңа мәдени үрдістер, қазіргі Қазақстан мәдениетінің типологиясы, қазіргі қазақ қоғамы мәдениетінің басты құндылықтары, жаһандану үдерісіндегі қазақстандық мәдениет турасында айтылған.

Автор еңбегін қорытындылай келе: «Рухани кеңістікті құрайтын ұлттық идеяның элементтері көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет; мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырдың айналасында өрбиді, дамып отырады», - деп түйіндейді.

Оқулық мәдениеттану мамандығының бакалаврлары, магистрлері мен докторанттарына және қазақ мәдениетіне қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған.

А.Н. Шуленбаева

## 13.41 БИБЛИОГРАФИЯ. БИБЛИОГРАФИЯТАНУ

ӘОЖ 01;02

13.41.01.21.002. **Қайым Мұхамедханов:** библиографиялық көрсеткіш = **Каюм Мұхамедханов :** библиографический указатель. – Алматы : Мектеп, 2020. – 274 б.

Бұл көрсеткіш ғалым, педагог, ақын, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қайым Мұхамедханов зерттеулерінің бағыт-бағдарын бір ізге түсіріп, жүйелеуге жасалған алғашқы қадам, сонымен бірге, бүгінгі күні анықталған оның зерттеулерімен таныстыру мақсатындағы еңбек. Ғалымның қолжазба мұрасы мен құнды кемел мұрағаты әлі зерттеуді және ғылыми сипаттама жасауды талап ететіні түсіндіріледі.

Библиографиялық көрсеткіш А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы, Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы (Семей) және «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қорымен бірлесіп жасалды.

Көрсеткіште қазақ әдебиетін - эпос пен фольклор үлгілерін, қолжазба мұраны сақтауға, газет-журналдар шығаруға өлшеусіз үлесін қосып, өзінің үйінде қазақ халқының көптеген тарихи тұлғаларының қалыптасуына ықпалын тигізген ғалымның әкесі - Мұхамедхан Сейтқұловқа жеке бөлім арналған.

Ғалымның еңбектері монографиялар, диссертациялар, ғылыми-көпшілік мақалалар, әдеби-сын мақалалар, тарихи-әдеби очерктер бөлімдеріне бөлінген.

Қ.Мұхамедхановтың өнегелі өмірі мен тағдырын, оның ғылымға қосқан үлесі мен халыққа адал қызметін қамтыған бұл көрсеткіш – қоғамның рухани-адамгершілік бағытта дамуына қосылған сүбелі еңбек. Көрсеткіштің мазмұнын ғалымның күрделі тағдыры мен өмірі, көптеген құнды дерекөздер құрайды және ол аса үлкен жауапкершілік пен тиянақты еңбекті қажет етуімен қатар, шексіздігімен ерекше.

Ғалымның жастық шағында, сондай-ақ, есейген кезінде шығармашылық адамдарға тән әдетпен лақап атын пайдаланғаны, ол аталған көрсеткіште «Көкенов», «Көкен», «Ертісбаев» деп берілгені баяндалады.

Аталған көрсеткіш Қ. Мұхамедханов шығармашылығын терең тануға және ғалымның ел тарихы мен мәдениеті жайындағы құнды еңбектерін зерттеуге мүдделі барша адамзатқа пайдалы, сондай-ақ, оның өмірі мен сан қырлы келбетін оқып-үйренгісі келетін жас ғалымдар мен зерттеушілер үшін ақпараттық-танымдық ресурс болуымен бірге, оларды ғылым жолына ынталандыратыны сөзсіз.

Көрсеткішке арналған деректерді анықтау жұмыстары Кітап палатасы, архивтер мен кітапханаларда, ғалымның жеке архивінде жүргізілген.

А.Н. Шуленбаева

## 13.51. МУЗЕЙ ІСІ. МУЗЕЙТАНУ

ӘОЖ 069;069.1

13.51.01.21.003. **Музей ісіндегі инновациялар :** оқу құралы / Т. Қартаева, Қ.Баудиярова, Л. Әбілдаева ; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 137 б. : сур.

Оқу құралында әлемдік және отандық музей ісіндегі инновациялардың қалыптасуы, қолданылуы, енгізілуі және олардың жүзеге асырылуы қарастырылған.

«Музей ісіндегі инновациялар» оқу құралы әртүрлі бағыттағы музейлердегі инновациялық мәселелерді оқытуға арналған. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, олардың түрлерін, музей ісінде қолданылуын, әсіресе музейлік қызметтегі инновациялық жобаларды қамтуға бағытталып отыр. «Қазақстан-2050» стратегиясының

басым бағыттарының бірі – инновациялық нанотехнологияларды қоғамның барлық саласында қолданысқа енгізу. Мемлекеттің қарқынды дамуында қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың да шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Дамудың жаңа бағытына түскен музейлер құндылықтарды сақтау орны ғана емес, ол заманауи презентациялық техникалармен жабдықталған, экспозицияны мультимедиялық қондырғылармен, компьютерлік техникалармен, видеоконференц байланыс құралдарымен жабдықталған, ірі ақпараттық ғылыми-зерттеу орталығы болып саналады.

Кітапта алғы сөз, дәрістердің тақырыптары берілген, олар: Музейтану ғылымындағы инновациялардың қалыптасу кезеңдері; Музей ісін басқарудағы инновациялық қатынастар: музей менеджменті, маркетингі саласындағы өзгерістер; Жаңа бағыттағы музейлер: әлемдік озық тәжірибелер; Электронды экскурстар мен музейлік лекторийлер жүргізу әдістемесі; Қазақстан музейлері сайттарының тиімділігі; Әлем музейлеріндегі қор өңдеу бағдарламаларының қалыптасуы; Виртуалды-ақпараттық музейлер; Музей ісіндегі модернизация және музей коммуникациясы теориясы т.б. тақырыптар бойынша жарияланып отыр. Сондай-ақ, Магистранттардың өзіндік жұмысына тапсырмалар; Аралық бақылау тапсырмалары; Қорытынды бақылау тапсырмалары; Сөздік және суреттер деген тақырыптарды қамтыған.

Музей ісінің инновациялану үдерісі ХХ ғасырдың 2-жартысында қалыптасқан. Осы уақыт аралығында музейтану ісінде музейді ғылыми мекеме ретінде сақтау, қоғам мен қоршаған ортаның дамуында музейдің ықпал ету деңгейі сияқты актуалды мәселелер талқыланды. Соңғы жылдардағы музейтану ғылымы музей материалдарын ұсынуда жаңа әдістерді іздей бастады, мәдени ілімдік қызметте дәстүрлі емес бағдарламалар әзірледі, арнайы музей құрылымдарын жасай бастады және осы саладағы қызметкерлерді мәдени-ілімдік жұмыстарға үйретті.

Мәдени-ілімдік орталықтар. ХХ ғасырдың соңында музей ісінде төңкеріс жасаған мәдени орталықтар кең қанат жайды. Мұндай орталықтардың концепциялары және экспозициялары ерекше орын алды, алайда негізгі назар білімнің оңаша облыстарына, ғылыми пәндерге және өнер әлеміне аударылды. Негізгі мақсаты – мәдени бытыраңқылықты жеңу, әлеуметтік топтар мен адамдарды өзара жақындату. Олардың қатарынан Ж.Помпиду атындағы Ұлттық өнер және мәдениет орталығының тәжірибесін атауға болады.

Мамандандырылған музейлер. Бұл жаңа үрдіс. Олар балалар және мүмкіндігі шектеулі адамдар мен арнайы аудиторияларға арналған. Мысалы: Холонда музейінде (Израиль) «Тұңғықтағы диалог» атты көрме көзі көрмейтін адамдардың әлемімен танысуға мүмкіндік беріп отыр. Көрмеге келушілер қолдарына таяқ ұстап, қараңғыда соқыр жолсеріктің дауысының артынан жүрді, жапырақтың сылдырлағанын, су иісін, иіс арқылы көкөністерді танып білуді үйренді. Көрме павильоны бірнеше залдан тұрды.

Экомүзейлер. Заманауи үрдістің бірі – тарихи ортаны, архитектуралық ескерткіштерді, ансамбльдерді, тарихи-мәдени ортаны сақтау, тарихи реконструкция арқылы материалдық және рухани мәдениетті үйлесімді көрсету. Экомүзейлер ауқымды шығармашылық қызметпен ерекшелінеді. Экомүзейдің басты ерекшелігі, ол белгілі бір аймақтың тұрғындары мен жергілікті билік басқару мекемелерінің арқасында құрылады, қолданылады және пайдаланылады. Жергілікті көнекөз тұрғындар музейге бағалы заттар, қызметкерлерге сол зат туралы мағлұмат береді, экспозицияны құрастыруда және реставрациялауда белсенді қатысады. Оған Тольятидегі «Наследие» атты қалалық музей кешені мысал бола алады.

Интеграцияланған музейлер. Латын Америкасында адамның қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаны тануға бағытталған мәдени мұраны сақтау және зерттеумен ғана емес, сонымен қатар даму мәселелерімен де айналысатын интеграцияланған музейдің концепциясы қалыптасты, мысалы: Венесуэладағы Беркисимето музейі. Интеграцияланған музей концепциясының басты идеясы – халықты мәдени ортамен байланысқа түсіру жолында қоғамның сана-сезімінің дамуына ықпал ету. Интеграциялану жолына түскен музейлер әлеммен бірге өзгеруде. Ғаламтор жүйесі музейлерге жаңа жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді, сайт түріндегі Интернет-медиалар ашудың музей әлемі кеңістігін кеңейтуде, музейлердің өз қорындағы құндылықтарын ақпараттандыру ісінде маңызы зор. Заманауи музей – өткенді сақтаушы емес, осы шақтағы идеяларды жаратушы. Қазіргі таңда

музей өз саясатында 3D, 5D технологиясын енгізуде. Олардың музей ісіндегі қолданыс аясы өте кең, музейшілік кинотеатр, интерактивті парта, интерактивті тақта, интерактивті кітап, электронды каталог, интернет-медиа, электронды экспозиция, электронды терминал, ашық электронды экспозиция, видео-аудио ролик, т.б., ал күрделі түрлерін қолданысқа енгізу арқылы, музей мазмұнына сәйкес келетін ғылыми-танымдық, ағартушылық ақпараттарды тарату арқылы келушілердің танымдық көкжиегі кеңейеді. Әрі бұл – музейлік ақпаратты жеткізудің қазіргі таңда тиімді жолы болып отыр.

Қазақстан музейлері сайттарын салыстырмалы түрде талдайтын болсақ, Тәуелсіздік алаңында орналасқан Ұлттық музей 2014 жылы 2 шілдеде Астана қаласында ашылды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табылған көптеген құнды дүниелер Ұлттық музейдің баға жетпес қорын құрайды. Музейде бірнеше зал бар, олар: Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Қазіргі заманғы өнер залы. Ұлттық қазынаны зерделеу жөніндегі музей құрылымы ғылыми-зерттеу институтынан тұрады. Сондай-ақ балалар музейіне, балалар шығармашылығы орталығына, екі көрме залына, қалпына келтіру шеберханасына, зертханаларға, кәсіби қор сақтауға, оқу залы бар ғылыми кітапханаға, мәжіліс залы мен кәдесый дүңгіршектеріне арналған үй-жайлар көзделген. Музей дүниежүзілік стандарттарға сәйкес жабдықтармен жарақтандырылған. Музей сайтының жоғарғы жағы басты, музей туралы, залдар, көрмелер, медиа, кері байланыс, консервация орталығы және осы қатарда аудиогид туралы жалпы түсінік бөлімі, жұмыс уақытының кестесі, музей картасы, алтын адам бейнесі бөлімі және әлеуметтік желілер – twitter, facebook орналасқан.

Ақпараттық технология бүгінгі музей ісінің кез келген саласында іске араласып, маңызды орын алып келеді, мәселен, қор бөлімінде, ғылыми, көрме, экспозициялық. Автоматтық ақпараттық жүйенің (ААЖ) арқасында музей ісінде түрлі коллекцияларды толтыру ісі алға жылжып, қарқынды дамып отыр.

Оқу құралы музей саласының қызметкерлеріне, «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы оқытушылары мен білім алушыларына арналған.

Р.М. Күздеубаева

## 16 ТІЛ БІЛІМІ

ӘОЖ 81

16.01.21.004. Тіл және жазу = Язык и письмо / С. Аманжолов. – 2-бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 404 б. : 9 б. жапсырма.

Бұл кітапқа профессор Сәрсен Аманжоловтың жалпы тіл ғылымы, қазақ әдеби тілі мен қазіргі қазақ жазуының мәселелері қамтылған таңдамалы еңбектері енді. Аса көрнекті ғалымның еңбектері қазақ тіл білімінің теориялық негізін, қазақ тілінің ғылыми грамматикасының, тарихы мен диалектологиясының, қазіргі қазақ жазуының негізін қалады. С.Аманжоловтың жоғарғы оқу орындарына арналған тұңғыш оқулығы – «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» (1940, 1950, 1994) және «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959, 1997) атты монографиясы әлем ғалымдарының зор ықыласына ие болды. Қазақ тілінде бұл еңбек («Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері») 2004 жылы ғалымның шәкірті Ғ.Қалиевтің аудармасымен жарық көрді. Ғалымның «Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы» (1940) деген еңбегі қазақ және орыс тілдерінде жеке кітапшалар болып басылған. Мұнда қазақ тарихынан қысқаша мәлімет берілген, жаңа алфавитке көшудің мақсаттары мен принциптері, қазіргі қазақ орфографиясының негізгі ережелері тұжырымдалған.

Жинақтың тематикасы бұрынырақта шыққан еңбектің (С.Аманжолов. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алматы, 2002) материалдарының жалғасы ретінде толықтырып тұрады. Ұсынылып отырған жинақ «Тіл ғылымы, тілдік жағдай» және «Қазақ жазуының теориясы» атты екі бөлімнен тұрады. Бұл еңбектер өткен ғасырдың отызыншы-елуінші

жылдары қазақ және орыс тілдерінде жазылса да, тіл мен жазу теориясына байланысты терең зерттеулерінің маңызы заман талабына сай арта түседі. Ғалымның кейбір еңбектері бұрын жарияланбаған, ал жарық көргендердің дені библиографиялық сирек қор қатарынан ғана ұшырасса, кейбірі мүлдем кітапхана қорларынан жоғалып, таптырмайтын құндылықтарға айналған.

Жинақтың беташары автордың 1951-1956 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты студенттеріне арнап оқыған «Жалпы тіл ғылымы» атты лекциялық курсынан басталады. Бұл курс жалпы тіл білімінің негізгі салаларын – тіл білімінің тарихы, тіл теориясы, лексикология, фонетика мен грамматикасын қамтиды.

Жинақтағы мақалалар әр бөлімде хронологиялық тәртіпке сай беріліп, тіл ғылымы және жазу теориясы мәселелеріне қатысты автордың әр жылдардағы толғаныстарын, ой-пікірлерінің қалыптасуы мен дамуын көрсетеді. Жинақ лингвист ғалымның ғылыми шығармашылығы мен тіл саласындағы өзіндік тұлғасын толығырақ тануға мүмкіндік береді.

С. Жақсылықова

ӘОЖ 81

16.01.21.005. **Қазақ диалектологиясы** : оқу құралы / А. Тасымов ; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. – 2-бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 159 б. ; 20 см.

Қазақ тіл білімінің жас саласы саналып келген диалектологияның зерттеуіне де жетпіс жылдай уақыт болды. «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» дегендей, әдеби тілдің қайнар бұлағы қарапайым халықтың тілінде екендігі осы кітапта нақты жазылған.

А.Тасымовтың кітабында Қазақстанның әрбір өлкесінде шаруашылықтың, өндірістің әр саласында кездесетін сөздер жайында әңгіме болады. Әр өлкеде кездесетін сөздер бірте-бірте бәрімізге ортақ әдеби тілге айналады деп пікір айтқан. Сонымен қатар, қазақ тілі, бір жағынан қарағанда барлық жерде дәлме-дәл бірдей болып келмейді, әртүрлі өлкеде тұратын қандастарымыздың тілі сәлде болса айырмашылығымен ерекшеленіп отырады деген тұжырымға келген. Бұл тұжырымдарды диалектолог ғалымдар ерекше атап өткен. Белгілі диалектолог ғалымдардың қатарында Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ш.Сарыбаев, Ж.Досқараев, С.Омарбеков, Ғ.Қалиев, Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ж.Болатов, Н.Жүнісов, Т.Айдаров, т.б. еңбектерін атап өткен.

Бұл кітапта тіл білімінің өзі ғылым ретінде тілдерді тарихи және салыстыру тұрғысынан зерттеудің негізінде ХІХ ғасырдың басында жасалғанын, тіл білімі мен тілдің шығуын, жасалуын және дамуын зерттеген ғалымдар жайында нақты айтып өтеді. Археология – ол халықтардың ежелгі, көне мәдениетін зерттейді деп қарастырған. Сондай-ақ, этнография халықтардың ерте кездегі тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттейді деп жазған, және оны тіл – талай заманның жемісі, қазіргі тілдің элементтері өте ерте заманнан жасалғандығын, археология мен этнологияның тіл білімімен байланысы бар нақты дәлелдермен көрсетіп жазған.

Кітапта диалектология туралы жалпы түсінік, жергілікті диалектілердің зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері Германия, Франция, Италия сияқты елдерде кеңінен дамығаны туралы жазған. Қазақ тіліндегі диалектілерді, сөйленістерді топтауда әр түрлі пікірлердің қалыптасатынына тұжырым жасап, ғалымдардың жергілікті диалект туралы жазған еңбектерін салыстырып, жеке-жеке тоқталып ашып көрсеткен.

Ең алдымен, С.Аманжоловтан бастау алып, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, М.Әуезов, А.Ысқақов, Ж.Досқараевтың қазақ әдеби тілінің негізінде «д» және «ш» - мен айтылатын сөйленістерді байланыстыра жазып, қорытындылаған. Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін жинауға арналған бірінші экспедиция 1937 жылы профессор Илияс Кеңесбаевтың басшылығымен қолға алғандығын жазады. А.Тасымовтың еңбегінде, диалектілік ерекшеліктер және олардың басқа би әдеби топтарға қатысы жайында жан-жақты қарастырып, «Жаргон, арго» (француз сөзі) екенін дәлелдеп жазған.

Орыс профессоры С.Е.Малов: «Олар мұсылман-түркі кітаби жаргонда жазылды, онымен ұлтына қарамай, түрік, башқұрт, қазақ, қырғыз ғалымдарының бәрі де пайдаланды», - деген пікірімен, Шәһидінің қисса, дастандары мен өлеңдерін дәлел ретінде алып, оны түсінікті әрі қарапайым тілде көрсете білген.

Арготизм, метатеза ұғымын мысалдар арқылы еңбегінде нақтылап ашып көрсеткен. Сонымен қатар, дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктер, жуан және жіңішке дауыстылардың өзара алмасуы, лексика, грамматика, сөз тіркестерінің шығу тарихын, ерте заманнан қазақ халқымен көршілес орналасқан Қарақалпақстан, Өзбекстан, Хорезм, Бұхар, Түркменстан елдерінің тілдеріндегі диалект сөздердің қазақ сөйленісінің көпшілік тобында қалай айтылатынын кесте түрінде жазып көрсеткен. Сонымен қатар бұл еңбекте, адамның рухани, табиғи қасиеттерін білдіретін сөздердің шығу тарихы мен үй тұрмысына, туыстық атауларға, ыдыс-аяқ атауларына, құрал-сайман, салт, әдет-ғұрыптарға, табиғат құбылыстары мен киім-кешек, адамның дене мүшесіне, жасына байланысты сөздердің диалектілік тобына тоқталып, мысал келтіріп, дәлелдеп жазған.

Кітаптың басты ерекшелігі – Ж.Аймауытов, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Н.Сауранбаев т.б. қазақ диалектологиясының зерттелуіне қосқан үлестері бар ғалымдарға жеке-жеке тоқталып, қазақ тіліндегі диалектілер туралы ойларын біріктіріп, қорытынды жазғаны болып саналады.

Ұ.Н. Канибай

## 17 ӘДЕБИЕТ. ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 82

17. 01.21.006. **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XL(40) том.** Мырзахметұлы М. Абай: Толық адам ілімі / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 238 б.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығының қыркыншы томына көрнекті абайтанушы ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлының «Абай: Толық адам ілімі» атты еңбегі еніп отыр. Еңбекте абайтану ғылымының өзекті мәселесі қарастырылған.

Кітап Кіріспе, Абайтану тарихынан қысқаша шолу, Абайтанудың М.Әуезов дәуірінен кейінгі даму жолы, Абайдың «Толық адам» ілімі, Абай, Шәкәрім, Мағжан мұрасындағы жантану ілімі, Абай дүниетанымын танып-білу жолындағы түбірлі өзгерістер, Абай лұғаты, Қорытынды, Библиографиялық тізім, Қосымшалар бөлімдерін қамтиды.

Қазақ әдебиеті тарихында жоғары оқу орындарында арнайы курстан дәріс оқу дәстүрі тұңғыш рет 1942 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қабырғасында жүргізіле бастаған. Әдебиеттен арнайы курсты «Абайтану» деген атпен алғаш рет жүргізген ғалым Мұхтар Әуезов болды, ол алдын ала ұзақ жылдар бойы ұлы ақын мұрасы жайында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1918 жылдан бастап Абай мұрасы жайындағы мақалалары баспасөзде жарияланып, оқырмандар назарын өзіне тарта бастады. Бұл, әсіресе «Абай» журналында редактор болған жылдарында Абай мұрасы туралы мақалалар жазумен бірге ақын шығармаларынан үзінділер де жариялап, оқырман қауымға кең тұрғыдан таныстырып, насихаттаумен айналысты.

М. Әуезовтің ғылыми творчестволық өмір жолында қол жеткен жетістігінің екі түрлі заңғар биік шыңы болды. Бірінші жетістігі «абайтанудан» жиырма жылға жуық үзіліссіз арнайы курс оқудан келіп туындаған «Абай Құнанбаев» деп аталатын ғылыми монографиясы болса, шығармашылық өміріндегі екінші жетістігі Абай туралы әртүрлі жанр түрінде жазылған көркем туындылары мен «Абай жолы» эпопеясы болды.

Қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелу кезеңін үш салаға бөле қараудың қажеттілігі туды: 1-ші кезеңі, яғни абайтанудың алғашқы дәуірі ресми түрде баспасөз бетінде 1889 жылдан басталып 1934 жылмен

аяқталған; 2-ші кезеңі 1934 жыл мен 1961 жыл аралығындағы абайтанудың Мұхтар Әуезов бастаған соны танымдардың заманымен аяқталды; 3-ші кезең 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасын тереңдей танып зерттеу дәуірімен жалғасады. Яғни, ұлы ақын мұрасы жолында абайтану мен абайтанудың тарихы деп аталатын екі ғылыми арнаның пайда болғанын көрсетіп отыр.

Толық адам (толық инсаният) дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылымен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шафағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек ізгілікті істерге қызмет еттіру жолы боп шығады. Кімде-кім осы: «...жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты ол ...толық адам делінеді» - деп, ең басты ой байламын жасайды. Абай толық адам жайлы танымын тіпті адам образын жасау арқылы беруді де ұмытпаған. Бұл әрекеті, әсіресе көп үміт күткен баласы Әбдірахман жөніндегі арнау өлеңдері мен хакімдер жайлы пікірінен де көрініп отыр.

Абай таратып отырған толық адам ілімінің іргетасы – ақыл, әділет рақымды оқырман қауым терең танып, бойына құштарлана сіңіріп, танып, біліп, орнықтырмайынша толық адам қалпына келе алмайды. Өзін жаман мінез-құлықтан арылтып, өзін-өзі рухани жағынан жаңартып, толыспай толық адам деңгейіне жете алмайды. Абайда толық адам өнегесі Әбдірахман бейнесі арқылы суреттелген.

Толық адам ілімі – өзін саналы түрде құштарлана арман қуған әрбір жастың бойына тез қонатын күрделі рухани құбылыс. Әрбір жеке адамды толық адам ілімі рухани жағынан жаңғырту арқылы бүкіл қазақ халқының мінез-құлқы рухани жағынан монолитті халыққа айналдыра алмаймыз. Мақсат – Абайдың толық адам ілімі арқылы қазіргі қазақ жастарын рухани монолитті қалыпқа түсіре аламыз. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде қолдану ғана ұлы мақсатқа әкеледі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы өмір шындығы философиялық лирика жанрындағы Абай мен Шәкәрім, Мағжан шығармаларында тақырыбы жағынан айрықша дараланып, назар аударғаны түп иені теологиялық және ғылыми тұрғыдан танып-білуге шешуші түрде мән бере жырлануында жатыр. Философиялық лирикадағы бұл рухани соны ұмтылыс тамырсыз, төркіні беймағлұм дерексіз құбылыс емес еді. Бұл ой толғаныстар орта ғасырдағы Тұран жеріндегі түрік халықтары поэзиясынан ойып тұрып орын алған түп иені танып білу жолындағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ясауидің «Девони хикметі» мен Махмұт Қашқаридің «Девони ат-түрік» туындыларынан нәр тартып жатқан еді. Абай мен Шәкәрім солар салған ата дәстүрді өз заманы талабына қарай жаңғыртып дамытушы ойшыл ақындар ретінде дүниеге келді.

Жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасындағы философиялық лирикалары мен қара сөздерінде кездеседі. Жантану ілімі жайында Жүсіп Баласағұн мен Ясауи шығармаларында теологиялық тұрғыдан тереңірек қарастырылса, XV-XVIII ғасырдағы қазақтың ауызша жырланған поэзиясында тікелей болмаса да, жанама түрде, ой-пікірлер айтылып табиғи жалғасын тауып келген. Ал XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасының өзекті желісінің ғылыми рухани кілтін айналып, өз заманының шырқау бийігіне көтеріледі.

Тәуелсіздік замандағы қазақ жастарының араб, парсы, шағатай, түрік тілдері мен исламият тарихын жете меңгеруі арқылы Абай мұрасының мұсылмандық шығысқа қарым-қатынасы жайлы келелі де іргелі ғылыми зерттеу еңбектері мейлінше көбейіп, салаланып, сапалы ғылыми монографиялық зерттеулер жаңа бағыт алғанда, ғажап құбылысты сол кездері көруге болады. Бұл кезде Абайдың жантану ілімі мен толық адам ілімі, пәлсапалық лирикасы басқаша сөйлегенде бұл сала ой санадағы әлемдік рухани құбылысқа айналып, түрік халықтарының болашақ моральдық кодексінің іргетасына рухани тірек болып қаланары талассыз шындыққа айналмақ.

Бұл томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен доктаранттарға, Абай мұрасын білуді парыз тұтқан білім алушы жастарға және көпшілікке арналған.

Р.М. Күздеубаева



ӘОЖ 82

17. 01.21.007. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: Үш томдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К.І. Матыжанов, Қ.Қ. Мәдібаев (түсініктерін жазған), Т.М. Шапай, Т.Е. Қыдыр, Б.Тұрсынбайұлы, А.Н. Жұматаева. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.

Өркениетті елдерде әрбір классик қаламгердің академиялық толық шығармалар жинағының жарық көруі ұлт руханияты үшін үлкен мәдени құбылыс болып табылады. Мұндай басылымдарда суреткердің барлық әдеби, сыни, публицистикалық, қызметтік, эпистолярлық мұрасының қолжазба және баспа мәтіндері толық текстологиялық салыстырулардан өткізіліп, дәйекті деректермен көмкеріліп, ғылыми-анықтамалық түсініктермен жарақталып, қалыпты ғылыми жүйеге түседі. Мәтінтану ғылымы тұрғысынан жете сарапталған академиялық басылым Абай шығармашылығы жөніндегі қоғамдық пікірді бір арнаға тоғыстырып, қалың оқырман қауымнан бастап, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын дайындаушыларға, жазушы шығармашылығын насихаттаушылар мен зерттеушілерге бағдарлам ретінде ұстанатын түпмәтінге балады. Классикалық мәтіннің өмір сүруінің өрісін кеңейтіп, оның отандық және әлемдік мәдениеттегі орнын айқындайды. Қаламгердің түрлі мақсаттағы жаңа басылымдарына темірқазық болып, ұлттық сөздік қордың құнарлы мәйегіне айналады.

Ұлы Абай шығармаларының бұл академиялық басылымы биік мақсаттың кезекті бір талпынысы ретінде жүзеге асырылып отыр. Тәуелсіздік туын көтеріп, егемендік алғаннан бергі уақыт аралығында заман адам танымыстай өзгерді, қоғам жаңарды, әлемдік өркениетке еркін араласып, рухани дүниеге жаңаша қараудың үлгісін тани бастадық, жаңа әдістемелер мен технологиялар тасқыны да ағылып келіп жатыр, елімізде тәуелсіз сана орнығып, рухани жаңғыру үстіндеміз.

Жаңа жинақты даярлау барысында алдыңғы абайтанушылар тәжірибелері барынша ескерілді. Ең алдымен, осы уақытқа дейін жарық көрген басылымдар салыстырылып, түгел қайта қаралды. Олардағы М.Әуезов қалыптастырған ұстанымдар басты назарда болды. Жинақтың мазмұны мен құрылымын жүйелеуде 1995 жылғы басылым негізге алынды.

Толық жинақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай, текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып құрастырылған.

Абай шығармаларының академиялық толық жинағын әзірлеуге, мәтіндерге текстологиялық салыстырмалар жасап, ғылыми түсініктерді сараптан өткізуге ҰҒА академиктері С.Қирабаев, С.Қасқабасов, ҰҒА корреспондент-мүшесі К.Матыжанов, филология ғылымдарының докторлары М.Мырзахметов, Т.Жұртбай, Қ.Мәдібаева, филология ғылымдарының кандидаттары Т.Шапай, С.Қорабай, П.Әуесбаева, Т.Қыдыр, жас мамандар Б.Тұрсынбайұлы, А.Жұматаева қатысып отыр.

Өлеңдер мен аудармалардың мәтіндерін баспаға әзірлеп, түсініктерін жазған – Қ. Мәдібаева. Қарасөздер мен поэмаларын, басқа да прозалық шығармаларды жинаққа әзірлегендер – С. Қорабай мен Т. Қадыр.

Қолжазбалардың толық сипаттамасын жасап, 1909 жылғы жинақты қазіргі қазақ жазуына түсірген, шығармалардағы араб-парсы сөздері мен діни терминдерге түсінік беріп баспаға әзірлегендер – Т. Қыдыр мен П. Әуесбаева. Шығармалардың әліпбилік және есімдер көрсеткішін, пайдаланылған әдебиеттер тізімін Б. Тұрсынбайұлы мен А. Жұматаева жасаған.

Академиялық жинақтың бірінші томында ақынның өлеңдері мен аудармалары, ал екінші томында ақынның поэмалары, қара сөздері мен хаттары, музыкалық шығармалары берілсе, үшінші томында Абай шығармалары қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы мен ақынның 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген тұңғыш жинағының литографиялық көшірмесі және қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасы берілген.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 82

17. 01.21.008. **Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы:** Бес томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар : О.Д. Бекжан, Т.Е. Қыдыр. – Алматы : Evo Press, 2019. – («Ұлы дала жауһарлары» сериясы).

Т.1 : Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. – 2019. – 632 б.

Т.2 : Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (IX-XII ғғ.) – 2020. – 560 б.

Т.3 : Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар). – 2020. – 576 б.

Елімізде алғаш рет жүйелі түрде іске асырылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару. «Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты ерекшелігі – ежелгі және орта ғасырларда түркі тілінде жазылған әдеби жәдігерлердің біраз бөлігі алғаш рет қазақ тіліне аударылып беріліп отыр.

Антология томдары хронологиялық тәртіппен жүйеленген. Алғашқы том ежелгі дәуір әдебиетінің исламға дейінгі әдеби жәдігерлерінің таңдаулы шығармаларынан тұрады. Антологияға енген жазба жәдігерлердің транскрипциясы халықаралық стандартқа сәйкес берілді.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» 1-томына ежелгі дәуір әдебиетінің исламға дейінгі әдеби жәдігерлерінің таңдаулы шығармалары, яғни сақ-ғұн заманындағы және Түркі қағанаты тұсындағы көне жәдігерлер, сонымен бірге IX-X ғасырлардағы шығармалары, 2-томына Қарахандықтар дәуірінде жазылған әдеби жәдігерлер, 3-томына Алтын Орда тұсындағы әдеби жәдігерлер – діни-дидактикалық шығармалары беріліп отыр. Антологияның 1-томына ұлттық әдебиеттану тарихында тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген «Авеста» кітабы, түркі-соғды әліппесімен жазылған көне ескерткіштердің бірі – «Алтын жарық» туындысы, Орхон, Енисей жазба ескерткіштері, Енисей өлкесінен табылған көне дәуір куәлары – VII-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері – «Хемчик-чырғақы», «Байбулун», «Уюк-туран», «Чаа-холь», «Означенная» жазба жәдігерлері, Талас руна жазба ескерткіштері және Қазақстанда табылған «Есік жазуы», «Күлтөбе жазуы» жазба ескерткіштері, Ертіс жазба ескерткіштері, Жетісу жазба ескерткіштері, Әулие ата жазба ескерткіштері, Ақтөбе-Баласағұн жазулары, Сырдария жазба ескерткіші енгізіліп отыр. Жәдігерлерді қазақ тіліне аударған филология ғылымдарының кандидаты Т. Қыдыр және О. Бекжан.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті» антологиясының алғашқы томына түркі тілдес халықтарға ортақ көне жазба ескерткіштердің бірі – «Оғызнама» әдеби жәдігерінің түпнұсқаға жақын жасалған қазақша ғылыми аудармасы енгізілді. Бұл ретте «Оғызнаманы» алғаш рет қазақ тіліне аударған белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Ә. Дербісәлин, филология ғылымдарының докторлары М. Жармұхамедұлы мен Ә. Күмісбаев дайындаған мәтін нұсқасы негізге алынды.

IX-X ғасырларда туып, XV ғасырда хатқа түскен көне оғыз-қыпшақ мәдени ескерткіші – «Қорқыт ата кітабы» дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылған түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби мұра болып табылады. Томда бұл жәдігер филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев дайындаған нұсқада беріліп отыр. Ал «Қорқыт ата кітабының» транскрипциясын Дрезден нұсқасы бойынша дайындаған Төрәлі Қыдыр.

Сонымен бірге Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған көне жазба ескерткіш – «Кодекс куманикус» сөздігінде жарияланған жұмбақтар филология ғылымдарының кандидаты С. Қорабайдың аудармасымен алғаш рет тұтас күйінде топтастырылды.

XVI ғасырдағы армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіші – «Дана Хикар хикаясы» кітабын ұлттық филология ғылымында бірінші болып белгілі тілші-ғалым Сейсенбай Құдасов қазақ тіліне аударып, өзінің 1990 жылы жарық көрген «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі» атты монографиясында жариялаған болатын. «Ежелгі

дәуір әдебиеті антологиясының» бірінші томына осы басылым негізге алынып, С. Құдасов аударған мәтін сол күйінде енгізілді.

«Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» 2-томына қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист-ғалым, ойшыл Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінің кейбір бөлімдері мен «Сөз өнері», «Ақындардың өлең жазу өнерінің қағидалары туралы» шығармалары қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Жәдігерлерді түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, томға дайындаған Төрәлі Қыдыр.

Антологияның келесі бөлігін аса көрнекті түркі ғалымы Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» («Диуани лұғат әт-түрк») еңбегі құрады. Жинақта аталған еңбектің ерекшеліктері мен көркемдік даму деңгейі, мазмұны мен мәні сипатталған. Томға енген «Диуани лұғат әт-түрк» еңбегі А.Қ. Егеубаев дайындаған нұсқа жарияланған 2007 жылғы басылым негізінде еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму тарихында айрықша орын алатын орта ғасырлық әдеби жәдігерлеріміздің бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі. Антологияда «Құтадғу білік» еңбегінің табылу тарихы, жазылу орналасымы мен нұсқаларының сақталу орындары атап көрсетілген.

Түркі жазба әдебиеті жәдігерлерінің бірі – «һибәтул-хәқаиқ». Шығарма авторы – Ахмет Жүйнеки. Шығарма бастан-аяқ үгіт-насихаттан тұрады. Антологияға жәдігердің Топкапы сарайындағы (Ыстанбұл) нұсқасы алынып, қазақ тіліне аударылып берілді.

Орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінде Қожа Ахмет Иасауи шығармасының алар орны ерекше. Оның қаламынан туған сопылық сарындағы шығармалар тек қазақтың ғана емес, барша мұсылман түркілердің ортақ рухани мұрасына айналған. К. Эраслан, М. Узун, М. Тахрали, Н. Зейбек, Ә. Нәжіп, Н. Маллаев, М. Жармұхамедов, С. Дәуітұлы, З. Жандарбек, А.Ахметбекова, Д. Кенжетай, А. Әбдірәсілқызы, Т. Қыдыр сияқты қазақ иасауитанушылары да ақын мұрасын зерттеп, тың талдаулар жасағанын ерекше айта кеткен жөн. Антологияға ақынның «Диуани хикмет» атты шығармасынан үзінділер 1904 жылы Қазанда басылған литография бойынша берілді. Аударған Төрәлі Қыдыр. Сондай-ақ, Иасауиге телініп жүрген ақынның шәкірттерінің бірі – Мұхаммед Зарнұқи тарапынан хатқа түскен «Миратул-қулуб» атты шығарманың алғашқы бөліктері түпнұсқадан қазақшаға тәржімаланды.

Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген ақындардың бірі – Сүлеймен Бақырғани. Бар ғұмырын Хақ жолына арнаған ақын түркі сөз өнерінің дамуына өз үлесін қосты. Бақырғани мұрасын әр жылдары Ф. Көпрүлү, Н. Маллаев, К. Ераслан, И. Хаққұлов, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, Т. Қыдыр секілді ғалымдар зерттеп, ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен оның түркі халықтары тарихындағы мәдени құндылығы туралы өз пікірлерін білдірген.

Ақын шығармалары кезінде көп тарағандықтан да, ақын мұрасын бүгінде әлемнің көптеген кітапханаларынан кездестіруге болады. Десек те Бақырғани шығармаларын толық қамтитын ең үлкен қолжазбалардың бірі – ҚР Ұлттық кітапханасының қолжазбалар бөлімінде сақталғанын ерекше атап өткен жөн. Антологияға Бақырғанидың кейбір хикметтері түпнұсқадан аударылып берілді. Дереккөз ретінде Ұлттық кітапхана қорындағы ең көне әрі сенімді қолжазбалардың бірі – Бақырғани хикметтері қолжазбасы алынды. Әрі бұл қолжазба ЮНЕСКО-ның тізіміне енгендігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», «Бибі Мәриям», «Мифражнама» атты дастандары да антологияға берілді. Бақырғани еңбектерін түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, томға дайындаған Т. Қыдыр.

Антологияның 3-томына Алтын Орда тұсында дүниеге келген шығармалар – XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген түркі ақыны, жазушы Насируддин Бұрхануддин Рабғұзидың «Қиссасул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты шығармасы, Махмуд ибн Ғали әл-Булғари әс-Сараи әл-Кердерінің «Нәһжул-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») атты шығармасы, діни шығармалардың бірі «Мұғинул-мүрид» («Мүридке көмекші»), Хусам Кәтіптің «Жұмжұма» шығармасы, «Кесікбас кітабы» шығармасы, «Сиражул-қулуб» («Көңілдер шырағы»), «Китәби мүқәддимәи Әбә Ләйс Сәмәрқанди» («Әбу Ләйс Самарқандидың кіріспе кітабы») шығармасы енді. Жинақта әрбір шығарманың қазақша аудармасымен қатар, транскрипциясы және факсимилесі берілген. Сонымен қатар

бұл томға енген шығармалар туралы мәліметтер мен зерттеушілердің ой-пікірлері енгізілген. Әр том соңында пайдаланылған әдебиеттер мен орыс, ағылшын тілдеріндегі түйіндемелер берілді.

Антология мектеп оқушыларына, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне, әдеби мұраны қастерлейтін қалың оқырман қауымға арналған.

М.О. Жақсылықова

#### ӘОЖ 82

17.01.21.009. **Есенғали.** Рецензиялар, мақалалар, өлең-толғаулар; қазанама, қоштасу сөз, аза жырлар / Жауапты ред. С. Нұржан. – Алматы : Жазушы, 2021. – 300 б.

Есенғали Раушанов 1957 жылы 5 қазанда өмірге келген. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе ауылында мектеп бітіріп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін тәмамдаған. Оның қаламынан туған «Бастау», «Келінтөбе», «Шолпан жұлдыз туғанша», «Ғайша бибі», «Қара бауыр қасқалдақ», «Періштелер мен құстар», «Бозаңға біткен боз жусан», «Құстар – біздің досымыз», «Амал деген айыңыз» кітаптары әдебиеттің жаңа сөзі ретінде бағаланып, қазақ өлеңінің жаңа сапалық деңгейін айшықтаған шығармалар болды. «Жалын» және «Арай» журналдарының поэзия бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, «Білім және еңбек» («Зерде») журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. Ұзақ жылдар «Жазушы» баспасының директоры болды. Өзбек классигі Хамза Ниязидің өлеңдерін, ортағасырлық тарихы танымдық жәдігер «Темір жарғыларын», Шекспир шығармаларын түпнұсқаларынан аударып, қазақ тілінде сөйлетті. Сонымен қатар ақын өлеңдері ағылшын, француз неміс, араб, қытай, испан, орыс, литва, чех, болгар, украин, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылды.

XX ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап күні бүгінге дейін толқын-толқын боп жамырай келіп жатқан жас лириктерге толайым қозғау салып, соңынан шәкірт ерткен, өз мектебін ашқан шайырлар бізде көп емес. Қазақ поэзиясының классигі Есенғали Раушанов сол аз шоғырдың – санаулылар санатынан. Е.Раушанов шығармаларының қай-қайсысы да қазақ поэзиясының шын мәніндегі алтын қазынасы.

Есенғалидың бойында әулиелер мен батырлардың, ахундардың һәм мисекер-зергерлердің, тереңнен кәусар шығарған құдықшылардың қаны бар. Тамырындағы сол қан арпалысқанда әулиелігі жеңген ғаламат өлеңдер туғызады.

Г.Ә. Қалхожаева

#### ӘОЖ 82

17. 01.21.010. **Жамбыл Жабаев. Шығармалар жинағы** : 10 томдық. 1-том. Өлең-жырлар (қазақ тілінде). – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2021. – 440 б.

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық меретойына арналып шығарылған 10 томдық шығармалар жинағының басты ерекшелігі – әр жылдары жарық көрген жинақтардың өзгеріске ұшыраған Жамбыл шығармаларының бастапқы түпнұсқалық негізін сақтап қалу. Оның мақсаты – ұлы жыраудың қазақ тіліндегі және орыс тіліне аударылған шығармаларын толық қамтып жинақтау және Жамбыл жайлы естеліктер мен зерттеулерді мүмкіндігінше жарыққа шығару.

Жинақ 1937, 1938, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2010, 2014, 2016 жылдардағы жинақтық басылымдар негізінде құрастырылды. Жамбыл шығармашылығына қатысты естеліктер мен зерттеулер, ұжымдық және жеке монографиялық зерттеу еңбектер мен жекеленген авторлық мақалалар негізінде іріктеліп, таңдалып алынды.

Алғашқы томына кеңестік дәуірге дейінгі және кеңестік дәуір кезеңіндегі әр түрлі тақырыпты арқау еткен шағын көлемдегі көңіл-күй лирикалары, философиялық, саяси-

элеуметтік, өткір сатиралық өлең-жырлары жинақталған. Оның ішінде ақынның Кеңес дәуіріне дейінгі өлеңдері (1860-1917): «Әкеме», «Шағым», «Сарыбайға», «Айрылдым ай жарықта Бұрымымнан», «Кәмшат қыз», «Сыртың бір сұлу жан екен...», «Сырттанға», «Қалиға», «Үштоқал болыс болды» және т.б. Сондай-ақ, Кеңес дәуіріндегі өлең-жырлары (1920-1945): «Белсенділерге», «Қазақстан тойына», «Уа, қарағым, келіншек...», «Батырақ-кедейлерге», «Оразға», «Клим батыр», «Сталиннің ер досы», «Ғасем Лахутиға», «Күләшқа», «Отанды сүй», «Социалистік Қазақстан» тойына», «Мал өсірген аймаққа», т.б. енген.

Бұл жинаққа алғы сөз жазған, жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы. Жинақтың бастапқы беттері Жамбыл жайлы қайраткер тұлғалардың ой-пікірлерімен басталып, кеңес дәуіріндегі өлең-жырларымен жалғасады.

Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармашылық үндестігі мен рухани жақындастығын ҚР Тұңғыш президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «...Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабаұлы – сан ғасырлық ақпа-төкпе суырып салма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс...» - деп бағалаған болатын.

А.С. Талдыбаева

#### ӘОЖ 82

17.01.21.011. **Қазақ әдебиетінің тарихы** : оқу құралы. 1-бөлім / Ж. Дәдебаев; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу ин-ты. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 458 б.

Оқу құралында қазақ әдебиетінің тарихы бойынша ақындар шығармашылығы туралы оқу-әдістемелік еңбектер топтастырылған. Ақындардың шығармашылық портреттерін жасауға, олардың поэтикалық ерекшеліктерін ашуға көңіл бөлінген. Оқу құралы «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға лайықталған. Автор 2002, 2003 жылдары «Қазіргі қазақ әдебиеті» деген атпен екі кітаптан тұратын лекциялар курсы дайындап, жариялаған болатын, әр кітап жиырма бес лекциядан тұратын. Осындай жұмыстардың негізінде осы оқу құралы дайындалды. Оның бірінші бөлімі поэзия, ақындар шығармашылығы туралы. Әр ақынның шығармашылық келбеті нақты талдаулар мен жинақтаулар нәтижесінде жасалған. Өлең сөзді талдаудың филологиялық, поэтикалық, лингвопоэтикалық әдістері мен тәсілдері қолданылған.

Білім алушылар үшін қазақ поэзиясы жүйесіндегі негізі ұғымдардың мәнісі түсіндірілген. Қазақ поэзиясының өзекті мәселелері жаңаша, пәнаралық сабақтастықта берілген. Қазақ поэзиясының өзекті мәселелерін талдау және жинақтау, бағалау барысында өз ойлары мен пікірлерін дәйекті, дәлелді тұжырымдайды. Нақты мәселені шешуге қажетті ақпараттарды өздігінше іздеп табады, элеуметтік, этикалық, эстетикалық және ғылыми тұрғыда пайымдайды, саралайды. Білім алу барысында жинақталған ойлары мен пікірлерін, идеялары мен болжамдарын мамандардың, маман еместердің алдында да жүйелі, дәйекті жеткізеді. Пікірлерін логикалық жағынан қисынды негіздейді.

Қазақ әдебиеті тарихы аясында поэзия мәселелерін талдау және жинақтау, бағалау бағытында білімі мен біліктілігін өздігінше жетілдіріп, шыңдауға, байытуға ынталы және қабілетті болуы шарт. Білім алушылардың поэзиялық шығармаларды талдау, жинақтау, бағалау құзыреттілігін қалыптастыру пән оқытушысының көз жазбайтын нысанасы болуға тиіс. Оқу құралы білім алушылардың осындай құзіреттілікке жетуін көздейді.

Пән оқытушысының білім алушыларға оқу құралын пайдалану туралы нұсқау, кеңес беруі аса маңызды. Сонымен қатар, оқу құралын өзінің дәрісіне қосымша құрал ретінде тиімді пайдалануы білім алушылардың білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Э.М. Абдельдинова

ӘОЖ 82

17. 01.21.012. **Құнанбай қажы** / Б. Сапаралы; құраст. Ә.Мырзақасым. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 344 б. – Библиогр. : 9 атау.

Абайтанушы Бейбіт қажы Сапаралының «Құнанбай қажы» кітабы қазақ халқының ХІХ ғасырдағы аса ірі ел қайраткері Құнанбай Өскенбайұлының бейнесі мен шынайы тарихтағы келбетін нақтылы құжаттар, тың архив құжаттары, естелік-эсселерге сүйене отырып жазылған. Еңбектің бірінші бөлімінде Құнанбай қажының өмірі мен шыққан тегі қамтылған. Құнанбайдың жас кезінен бастап ел ішіндегі үлкен руаралық істерге, ірі дау-дамайларға араласа бастағаны туралы мәліметтерді жарияланған еңбектерге сүйене отырып, талдау жасаған. Сонымен қатар зерттеулерге сүйене отырып, Құнанбайдың бет-бейнесінен мәліметтер берілген. Келесі бөлімінде қаламгер Әсет Мырзақасымның құрастыруымен Құнанбай туралы жазылған еңбектерден үзінділер алынып, оқырманға Құнанбай жолын таныстыру мақсатында әдеби дүниелер ұсынылып отыр. Ал еңбектің үшінші бөлімінде «Абай жолы» романынан үзінді келтірілген.

Кітап Құнанбай қажының жарық дүниеге келуінен басталады. Оның балалық шағы, өсу-есею кезеңі туралы жазылған. Құнанбайдың денесі өте сымбатты, толық, бойы зор, балуан тұлғалы, кең мандайлы, қыр мұрын сұлу болған. «Балғын зор денесі балуандыққа, өткір көзі ерлікке, басы ақылдылыққа сәйкестене біткен» - деп суреттеледі. Зерек, алғыр, өте ұғымтал егі тірі Құнаш өзіндік қасиеттерімен көзге түсіп өседі. Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Құнанбайдың ата-бабалары туралы да кеңінен айтылған. Өскенбайдың әкесі Ырғызбай әрі батыр, әрі балуан болған адам. Атақты Керей Ер Жәнібекпен жолдас болып, талай жорықта ерлік көрсеткен. Құнанбай Өскенбайұлының қазақ даласына данқын жайып атқарған қызметі - Қарқаралы округына аға сұлтандыққа сайлануы туралы мәселелер қамтылған. Құнанбайдың балалық шағынан бастап, ел билеудегі мінезі, ұрпақтары туралы толық мәліметтер берілген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде халықтың мәдени және рухани құндылықтарын сақтау мен насихаттау аясында жарияланған бұл еңбек көпшілік қауымға арналған.

К.А. Бердалиева

## 17.71 ХАЛЫҚ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРІ

ӘОЖ 801.6:7.031

17.71. 01.21.013. **Ақын Сара - Біржан сал** : ізденіс / Ж. Толымбеков ; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 148 б.

Кітапта Біржан сал мен Сара ақынның өмірі туралы тың деректер келтіріліп, «Ақын Сара - Біржан сал» және «Біржан мен Сара айтысы» атты 2 бөлімге бөлінген. Біржан сал 1825 жылы туылған. Біржан сал байлықты місе тұтпаған. Мал, дүние-мүлік жинамай, тапқандарын жолай елге шашқан. Біржан салдың нағашы жұрты - Арғынның Алтай-Қарпығы. Біржан сал сол елден көп көмек, сүйеу көреді, өзін сол елдің арасында еркін сезініп, қолдау табады. Сол елдің атын шығарып, ұранын шақырып, көптеген айтыстарға түседі. Соның бірі - ақын Сарамен айтысы. Әйел де ерке ақын Сараның атағын халыққа

шығарған - Біржан сал. Біржанның ойы ұшқыр, суырыпсалма, белгілі ақын болғандығы Сарамен айтысынан айқын білінеді. Есмағамбет Ысмайылов «Біржан мен Сараның айтысы Біржанның ақындығының биік шыңы», деп бағалайды. Айтыс әйел теңдігі, «азаттық» үшін жасалған. Бірнеше күн айтысып, Сараны жеңеді. Біржанның ақындығы да, әншілігі де басым болған. Біржан салға 16 жасында өлең қонған, 18 жасынан жез таңдай ақын, 20 жасынан басынан сөз асырмаған, одан ақындардың батгөйі болады.

Ақын Сара 1876 жылы туып, 38 жас өмір сүріп, 1916 жылы өмірден озды. Сараны көрген кемпір-шалдар: «Сара - ұзын бойлы, атжақты, ақсарылау келген сұлу әйел. Бас киіміне маржандаған үкі тағатын. Домбырасына да үкі тағып қоятын. Киімі жақсы, мұқият, таза. Сара қызып тұрған жайдың тасындай еді. Домбыраға қосылғанда дауысы сондай әсем, адамның тындағысы келеді де тұрады. Па, шіркін, Сара-ай! Алапаты артық еді», - деп деректейді. Сара әке-шешесінің тәрбиесінде өскен. Он үш жасында домбырашы, әнші және ойдан өлең құрап айтады. Тойда жігіттермен айтысуды 12-13 жасынан бастаған. Маңайға «ақын Сара» деген атағы сол жасында шыққан. Сараға біткен қасиеттің ең зоры - оның өткірлігі, жүректілігі. Ол жастай шаршы топ алдында өнерін көрсетуден іркілген емес. Сара жас кезінен атағы шығып, жұрт аузына ілінген болатын. Сараның өнері сегіз қырлы болған. Ақын Сара 17 жасқа толып, 18 жасында бас еркіндігін алған. Ақын Сара ел бірлігі үшін Қаптағайда Тасыбай елінің жігіті Бекбайды таңдап, күйеуге шығуы, осы шартты да ескеріп, орындағаны болады. Біржан сал мен ақын Сараның айтысуы, Сараның әйел теңдігі үшін күресіп, Ешкіөлместе «азаттық» алуы, әлеуметтік мәселенің қозғалуы қазақ даласындағы үлкен құбылыс болғаны күмән туғызбайды. Еңбектің негізгі ойы - кейінгі ұрпаққа татымды шындық, болжаусыз болымды тарихты білдіру. Ақын Сарадай қазақ қызының патриоттық жалынды жігерін, құлшынысын, жетістігін ұлықтау.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

Г.С. Енсебаева

## 18 ӨНЕР. ӨНЕРТАНУ

### ӘОЖ 7

18. 01.21.014. **Музыка туралы үлкен кітап.** 2-бөлім / Әбу Насыр әл-Фараби; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті ; ауд. Ж. Сандыбаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 434 б.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабы» музыкалық мәдениет тарихында музыка мен музыкалық өнер туралы білімдердің энциклопедиялық жинағы ретінде танымал болған.

Әл-Фарабидің көзқарасына сәйкес, музыка бастапқыда практикалық өнер ретінде, ең алдымен, «адамның дауысы арқылы әуендерді орындаумен байланысты өнер» ретінде пайда болды, яғни музыкалық өнердің бастапқы формасы ән айту, дәлірек айтқанда, шөл даладағы түйекештің, бәдәуидің жалғыз салған әні болды. Сондықтан әуендердің осылайша орындалуын ол табиғи, жаратылыстық феномен ретінде қарастырады. Әуендердің музыкалық аспаптарда орындалуына келсек, бұл – кейінірек пайда болған және табиғи-жаратылыстық материалдарды адам әрекетінің өнімдеріне – музыкалық аспаптарға айналдырумен тарихи байланыстағы үдеріс. Бұл – аспаптардың жасалуы үшін қажет өсімдіктер мен ағаштардың белгілі бір түрлерін, шектері үшін ерекше мықты материалдарды таңдай білуді, шебер-қолөнершінің мұқият ұсталығын және әуендерді берудің осы «жасанды» құралдарын жасап шығарумен байланысты көптеген басқа нәрселерді де талап ететін үдеріс. Сондықтан әл-Фараби оны музыкалық өнердің бірінші түрінен ерекшелейді және оның біріншімен салыстырғандағы «жасандылығын», яғни оның әлеуметтік-тарихи және мәдени алғышартын атап өтеді.

Заманның әлеуметтік-мәдени және рухани ерекшелігі тудырған әлеуметтік-мәдени, идеялық-тақырыптық, композициялық және дағдылық өзгешеліктер аңғарылатын әртүрлі музыкалық салалар мен музыкалық шығармашылықтың әрқилы жанрлары туындады. Осы кезекте музыка болмысының үш үлкен саласы: халықтық, кәсіби және ғұрыптық салалары бар.

Бұл кітаптар музыка болмысының әлеуметтік қыры мен оның қоғамдағы функционалды рөлін әл-Фараби адами әрекеттің және әуеннің мақсатын түсіндіру аясында қарастырады. Музыканың мақсаты мен музыкалық өнердің қоғамдағы және адам өміріндегі орны туралы ойшылдың пайымдаулары әл-Фарабидің идеалды қоғам мен оның құрылымы туралы әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасына, оның бақытқа жету мен кемел адам идеалына үйлесімді енеді.

Кітаптың екінші бөлімінде музыкалық аспаптарда орындалатын әуендерінің композиция мәселелері, яғни аспапты музыка мен вокальды музыкадағы композициялық әуендерді орындаудың табиғи құралына – адам дауысына басымдық беретініне қарамастан, өзінің музыка энциклопедиясының осы бөлімінде әл-Фараби музыкант-аспапшылардың орындаушылық шеберлігіне, өзінің сөзімен айтқанда, «кең таралған аспаптардан дыбыстың бөліміне» үлкен көңіл бөлген.

әл-Фараби кітапта музыкалық өнердің мәні неде, музыкалық болмыс деген не, музыкалық орындаушылық қандай мағынаға ие болады және оны да музыкалық теориялық шығармашылық сияқты маңызды деп есептеуге бола ма деген тақырыптарға тоқталған. «Кең таралған аспаптардағы дыбыстардың үзіндісі туралы кіріспеді» музыкалық өнердің социологиясы тақырыбын ашады. әл-Фараби уд, танбур сияқты төртішекті аспаптардағы дыбыстардың шығу жүйесін талдайды, олардың түрлеріне тоқталады, айырмашылықтарын, ерекшеліктерін, өзіндік өзгешеліктерін ашады.

Кітапта музыкалық аспаптардың сызбалары, кестелер, ноталарды, дыбыстарды үйлесімді әрі дұрыс қолдану үшін суреттер берілген. Интервалдардың орналасу реттілігі көрсетілген. Кітап сонында түсініктеме берілген.

Кітап теоретик-музыкатанушыларға, мәдениеттанушыларға, музыканттарға, оқытушы-профессорлық құрамына және студенттік жастарға, сонымен қатар музыка тарихы мен музыкалық өнердің философиясына қызығушылық танытқан мамандарға арналған.

А.Ш. Абилкаирова

### 18.31 БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

ӘОЖ 7

18.31. 01.21.015. **Заманауи Қазақстан суретшілері** / Ред. : А. Хазбулатов, П.М. Тейлор. – Астана, 2018. – 264 б.

Басылым Тәуелсіздіктің ширек ғасырынан астам уақыттағы Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің бетке ұстар туындыларының иллюстрацияланған каталогын ұсынады. Каталогтың басты миссиясы – «Рухани жаңғыру» кең ауқымды мемлекеттік бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының міндеттерін жүзеге асыру. Бағдарламаның мақсаты – жаһандандудың сын-тегеуріндері мен ол алып келетін қауіп-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан халқы рухани құндылықтарының қайта өрлеуін қамтамасыз ету. Көзделген межеге жетудің бірден-бір жолы – бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, революциялық емес, эволюциялық даму және ұлт санасының ашықтығы арқылы қоғамдық сананы модернизациялау.

Каталогқа классикадан бастап соңғы актуалды формадағы көркемдік бағыттарда шығармашылықпен айналысатын Қазақстанның кескіндемеші, мүсінші, сәулетші, график, керамист, дизайнер, заманауи өнер суретшілерінің есімдері А.Ақанаев, К.Дүйсенбаев,



Д.Қасымов, В.Люй-Ко, А.Нода, В.Приходко, С.Нарынов, Р.Нүрекеев, Ш.Төлеш, Е.Оспанов, Ғ.Маданов және т.б. өмірбаяны мен таңдаулы туындылары енгізілген.

Бұл оқырмандардың санасында заманауи Қазақстандағы көркемдік үрдістердің жай-күйі туралы объективті, айқын түсінік қалыптастыруға көмектеседі және елді жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Кітап Қазақ ғылыми-зерттеу институтының әлемнің әр бұрышында орналасқан халықаралық музейлермен көпжылдық серіктестік қарым-қатынасының нәтижесі. Ол қазақстандық оқырманды және әлемдік қауымды Қазақстандағы қазіргі заман өнерінің әр алуандығымен және оған тән ерекшеліктерімен таныстырады. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

А.Б. Мамбаева

#### ӘОЖ 7

18.31.01.21.016. **Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме = Изобразительное искусство Казахстана. Живопись = Fine arts of Kazakhstan. Painting** : каталог У-Я. 3-том. Театр және кино суретшілері ; Кейін түскен туындылар /Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ; жоба жетекшісі Г.К. Шалабаева ; каталог құрастырғандар : Г.Ә. Ақышева, Л.О. Әбілдаева, Ә.Ж. Жадайбаева және т.б. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2020. – 552 б. : сур.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің бұл кітабы – музей жинақтамасындағы ең маңызды әрі ауқымды тараулардың бірін құрып, зерттеу бойынша жүргізілген көп жылдық еңбектің нәтижесі болып отыр. Ол Қазақстан өнерінің жетекші шеберлерінің қолынан шыққан біртуар жауһарларды қамтыған кәсіби мектептің бүкіл қалыптасу және даму жолын көрсетеді.

Қазақстан кескіндемесінің бас каталогын жарыққа шығарудың басты мақсаты Қазақстанның жетекші көркемдік музейіндегі кескіндеменің коллекциясын толықтай көрсету болды. Үшінші томға әліпби ретімен орналасқан У-дан Я-ға дейінгі суретшілердің кескіндемелік туындылары, сондай-ақ театр-декорация өнері туындылары, кейін түскен туындылар енгізілген. Барлық томдарда біркелкі ақпараттық жүйе сақталған, суретшілердің өмірбаянынан қысқаша мәлімет, сонымен бірге әрбір картина туралы толық мағлұмат берілген.

Қазақстан бейнелеу өнері каталогы Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Г.К.Шалабаеваның алғысөзімен ашылады.

Қазақстан кескіндемесі каталогында туындылардың сипаттамасы нақты бірізділікпен орналастырылған: реттік нөмірі атауының сол жағында тұрады; авторлық атаулары келтірілген; уақыты автордың қолтаңбасы мен жазуы немесе түрлі көздерден алынған мәліметтер негізінде қойылған. Уақыты көрсетілген туындылардан кейін жасалу уақыты анықталмаған шығармалар беріледі. Материалы, техникасы, өлшемі (биіктігі мен ені см-мен) көрсетілген. Алдыңғы жағында авторлық қолтаңбалар мен жазулар, монографиялар, олардың орналасқан жері көрсетілген. Туындының келіп түсу көзі оның уақыты мен соңғы иесіне, ұйымға сілтеме жасалған. Түсу сипаты былайша көрсетілген: «алынды» - ұйымнан сатылып алынды немесе алынды, «сыйға» - сыйға алынды. Инвентарлық нөмірі соңғы жолда көрсетілген.

Барлық туындылар түсті суретпен беріліп отыр. Бірнеше туындыларды келтіре кетейік, олар Евгений Умысковтың «Іленің бойымен», «Бақ ішіндегі қыздар», «Отбасы», «Арал балықшылары»; Урманче Баки Ыдырысұлының «Самаурын жанында», «Қ.Сәтбаевтың портреті», «Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллиннің портреті», «Балық аулаушылар тобы»; Алексей Уткиннің «Симфония. Алматы. Абылай хан даңғылы, Гоголь көшесінің бұрышы», «Қалыңдық пен күйеу», «Сенің бағындағы алмалар»; Елена Федорованың «КСРО халық артисі Күләш Байсейітованың портреті», «Сауыншы Рузиеваның портреті», «Жас дәрігер»; Қадыржан Хайруллиннің «Бәрі үйге қарай», «Ұшқысы келген адам»,

«Желдің дыбысы», «Көктемнің кескіні»; Шәрденов Жанатайдың «Шеше», «Алматы маңы», «Шопанның портреті», «Нан зауыты», «Қазақстанның Орталық музейі», «Хайуанаттар бағы», «Медеу», «Көктөбе», «Алатау», «Қапшағай жағалауы»; Гүлфайрус Ысмайылованың «Қазақ вальсі. Қазақ КСР халық артисі Ш.Жиенқұлованың портреті», «Қыз Жібек рөліндегі Күләш Бәйсейітованың портреті», «Ұйғыр қыздары», «Қымыз. Натюрморт», «Ә. Қастеевтің портреті», «Жамбыл», «Бас киімдер», «Автопортрет», «Суретшінің отбасы», «Ақын Олжас Сүлейменовтің портреті», «ҚР халық артисі Мақпал Жүнісованың портреті» т.б.

Театр және кино суретшілері: Татьяна Афанасьеваның «М. Әуезовтің «Намыс гвардиясы» пьесасы бойынша сп. декорациясының эскизі», «Ж.Б.Мольердің «Еріксіз дәрігер» пьесасы бойынша сп. Жаклиннің костюмінің эскизі»; Жәкен Дәменовтың «Анасы балаларымен арбада отыр. «Қожанасыр – құрылысшы» м/ф эскизі», «Байлық пен даналық» м/ф эскизі», «Сарайда «Байлық пен даналық» м/ф эскизі»; Флобер Мұқановтың Ә.Тәжібаевтың «Майра. Кеме» пьесасы бойынша сп. декорациясының эскизі», «Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесі және «Жан пиди» романы бойынша сп.декорациясының эскизі», «М.Әуезовтің «Абай» пьесасы бойынша сп.декорациясының эскизі»; Тұрсынғали Мұстафиновтың «Б. Майлиннің «Шұға» пьесасы бойынша сп. Айнабайдың және Есімбектің костюмінің эскизі» т.б. берілген.

Каталогтың үшінші томының жарыққа шығуына қолдау көрсеткен VI Group компаниясы. Басылымның соңында суретшілердің есімдерінің тізімі келтіріліп, мекемелердің қысқарту тізімдері ұсынылып отыр.

Қазақстан кескіндемесі каталогының үздік үлгілері музейдің төлқұжатына айналып, еліміздің көркемдік алтын қорына енген, кескіндеме мектебінің ерекшелігін анықтаған суретшілердің жоғары кәсіби деңгейін көрсетіп, болашақ ұрпаққа өз коллекциясын сақтап, толықтырып, кеңейтіп, дәріптеуге бағыттайды.

Р.М. Күздеубаева

#### ӘОЖ 7

18.31.01.21.017. **KAZGOR.** Жобалар. Проекты. Projects / Құраст. А.Татығұлов. – Алматы : «Basbaqan» баспасы, 2019. – 368 б. – Қазақ, орыс және ағылшын тіл-де.

Бұл кітапта 1930 жылы Алматыда құрылған KAZGOR-дың негізін салған жобалау кеңсесінің бүгінге дейін жүзеге асырған көптеген ірі жобалары ұсынылған. Кітаптан шағын ғана жобалау кеңсесінен «Казгорстройпроект» бас мемлекеттік жобалау институты, кейіннен KAZGOR жобалау академиясы болып қайта құрылған мекеменің күрделі де бай қалыптасу тарихы бүкіл Қазақстан сәулет құрылысы тарихының айнасы болғанын аңғарамыз. Мұнда осы орасан сәулет өнерінің аз ғана бөлігі топтастырылған.

Жобалармен қосымша жүретін құжаттар негізінде дайындалған мәтіндер, қолмен сызылған сызбалар, макеттер, компьютерлік графика компанияның жұмыс істеу әдістері туралы нобайлар мен сызбалардан бастап, салынған ғимараттар мен көшелерге дейінгі жобалау үдерісі туралы мағлұмат беріледі.

Сондай-ақ, республикада жеке жобалау базасын құру мақсатында Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1939 жылғы 24 қыркүйектегі «Құрылыс ісін тәртіпке келтіру туралы» Қаулысымен «Казгоспроект» өңірлік жобалау ұйымы құрылып, ол XX-ғасырдағы қазақстандық сәулет өнерінің өркендеуіне жол ашқандығы айтылады.

Кітапта баяндалатын ұйымның қысқаша тарихына үңілсек, кеңсе алғашқы жылдардың қиындықтарына қарамастан, Ф.Дзержинский атындағы клубты, Құрманғазы атындағы консерваторияны, Қазақ геология басқармасының ғимараттарын жобалайды. Сонымен қатар, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың, 440 және 880 оқушыға арналған мектептің, денсаулық сақтау, мәдениет және сауда нысандарының, тұрғын үйлердің жобалары дайындалады.

1939 жылы кеңсе «Казгоспроект» республикалық жобалау тресті болып қайта құрылып, ол республикамыздың зауыттары мен фабрикаларын, көмір шахталарын мен басқа

да кен орындары инфрақұрылымының нысандарын жобалаумен айналысатын ұйымдарды біріктіреді.

Соғыстан кейінгі елдің халық шаруашылығын жеделдетіп дамыту жылдары Казгоспроект тағам және жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының жобаларын әзірлейді. Қазақстанның дамып келе жатқан қалаларын мектептермен, жоғарғы оқу орындарымен, ауруханалармен, бірінші кезекте тұрғын үймен қамту қажеттілігі туындайды.

1950-60-шы жылдары ұжым типтік жобалауды және сейсмикалық төзімді құрылысты дамытуда жаңашылдық танытады. Бұл еңбектері Қазақстаннан тыс алыс шет елдерде кеңінен таралады.

1951 жылы кеңсе ғимараттарының конструкциялық талаптарына сәйкес ең күрделі түрлі жобаларды жасайтын Қазақстанның жетекші жобалау ұйымы – «Казгостройпроект» республикалық жобалау институты болып қайта құрылады. Алматыда Қазақ КСР Үкімет Үйі, Қазақ тұғынушылар одағының үйі, Жазушылар үйі, ЖОО ғимараттары, жауапты жұмыскерлер мен мәдениет қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер салынды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары, сол кезде «Казгипрогорсельстрой» атауын алған институт қысқа мерзім ішінде Қазақстанның астық егетін барлық өңірлерінде 300-ден астам кеңшарлар мен кенттердің, Алматы және Орал облыстарында көптеген өнеркәсіп нысандарының жобаларын жүзеге асырып, Ақмола қаласының бас жоспарын әзірледі.

1970-ші жылдары Алматыда бірқатар бірегей нысандар – Ленин атындағы сарай (қазіргі Республика сарайы), Офицерлердің округтік үйі, АММК (АХБК) Мәдениет сарайы, Саяси ағарту үйі, сондай-ақ КСРО көлеміндегі сейсмикалық белсенді ауданда салынған 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйінің жобалары жасалды.

1993 жылы институт «KAZGOR» жобалау академиясы болып қайта құрылды. 2000-шы жылдары Академияның жобалары бойынша Астана қаласында «Нұрсая» тұрғын үй кешені, ҚР Тұңғыш Президентінің қоры мен офисі, Алматы қаласында көпқызметті «Нұрлы Тау» және «Рахат Тауэрс» кешендері, «Алатау» инновациялық технологиялар паркі АЭА, мектептер мен балабақшалар және басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандар салынады.

2010-шы жылдары Академия ең алдыңғы қатарлы технологияларды, соның ішінде ғимараттарды ақпараттық модельдеу (BIM) технологиясын жобалауға күш жұмылдырады. 2015 жылдан Халықаралық нормалар жөніндегі кеңестің (ICC) ұжымдық мүшесі болған Академия негізінде авторлық Autodesk оқыту орталығы жұмыс жасай бастады.

Осылайша, нарық талаптарына сәйкес, «KAZGOR» сала мамандарына арналған жаңа бағдарламалық өнімдерді – Қазақстандағы құрылыстың сметалық құнын есептейтін тұңғыш «SANA-2001» бағдарламасы мен нормативтік-құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттардың электрондық базасы – «DEREK-INFO» ақпараттық жүйесін әзірлеп, жүзеге асыра бастайды.

Сондай-ақ, кітапта қоршаған ортаны жақсартуға және оған дара да айрықша келбет беруге үлес қосып, халықтың өмір сүру деңгейінің өсуіне және ел әлеуетін нығайтуға жәрдемдесе отырып, одан әрі дамуын жалғастырып келе жатқан «KAZGOR» академиясының 70%-дан астам маманы Autodesk AutoCAD және REVIT өнімдері бойынша халықаралық үлгідегі сертификаттар алғаны айтылады.

А.Н. Шуленбаева

#### ӘОЖ 7

18.31.01.21.018. **Орталық Азия таулары = Central Asian mountains** : фотоальбом / Құраст. : В. Седельников, О. Таланова. – 2-бас. – Алматы : Мектеп, 2020. – 360 б. : сур.

Көркем альбомға Орталық (Орта) Азия тауларының табиғаты, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемінің өте сирек кездесетін фотоматериалдары алғаш рет жинақталып отыр. Сонымен қатар, осы өңірдегі таулардың альпинистік тұрғыда игерілу тарихына ерекше мән беріледі.

Кітаптың мазмұны «Орталық Азия дегеніміз не?», «Алтай – Орталық Азия мен Сібір шекарасы», «Тянь-Шань – аспан таулары», «Памир – «Әлем төбесі және күн етегі», «Батыс және Орталық Қазақстан», «Орталық Азия тауларының альпинистік тұрғыда игерілуі», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» деген тақырыптарды қамтиды.

«Орталық Азия» ұғымы XIX ғасырдың орта кезінен бері кең қолданылып келеді. Әйгілі неміс географы Александр Гумбольдт (1769-1859) бұл ұғымның шеңберіне Оңтүстік Алтайдан бастап, Гималайдың солтүстік сілемдеріне дейінгі аралықты енгізген. Кейінірек немістің тағы бір атақты географы Фердинанд Рихтгофен (1833-1905) Орталық Азия ретінде Алтайдан Тибетке дейінгі және батысында Памирден шығысында Хинганға (Моңғолия) дейін созылып жатқан аумақты енгізеді. Бұдан кейін де осыған байланысты көптеген басқа пікірлер айтылып келген. Осы кезге дейін «Орталық Азия» ұғымының көпшілік қабылдаған нақты анықтамасы жоқ.

Кеңес Одағы кезінде Арал теңізі мен Балқаштың ағынсыз алаптарын Орта Азия ретінде қарастырып келген. Бірақ шетелдік географиялық әдебиетте бұл аумақ «Орталық Азия» деп аталатын. Соңғы жылдары ТМД аумағындағы әртүрлі ақпарат көздерінде Орталық Азияға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы енгізіліп отыр. Аталған аумақтар туралы әртүрлі түсініктерді ескере отырып, кітапта авторлар Қазақстан мен Орта Азия тауларын Орталық Азия шеңберінде қарастырған.

Алтай – Орталық Азия мен Сібірдің түйіскен жерінде орналасқан тау жүйесі. Таулар төрт мемлекеттің аумағын: Ресей, Моңғолия, Қазақстан және Қытайдың шағын бөлігін қамтиды. Әдетте, Орыс, Моңғол, Қазақстан (қазақстандық) Алтайы деп жіктеледі. Орыс және Қазақ Алтайы  $80^{\circ}$  ш.б. мен  $90^{\circ}$  ш.б. және  $52^{\circ}$  с.е. пен  $48^{\circ}$  с.е. аралығында орналасқан.

Моңғол Алтайы оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 1200 км-ге созылып жатыр, Жолақ түрінде созылып жатқан бұл тау Гоби Алтайымен бітеді.

Орыс және Қазақ Алтайындағы жоталар ресей-моңғол шекарасынан батысқа және солтүстік-батысқа қарай желпуіш сияқты тарамдалған. Қиыр шығысында Алтай Шапшал жотасымен, батыста Ертіс аңғарымен шектелген.

Ресей, Моңғолия және Қытай шекараларының түйіскен жерінде Алтайдың ең ірі мұздықты тау түйіні орналасқан, ол Орыс, Қазақ және Моңғол Алтайын біріктіреді. Моңғолдар оны Таван-Богдо-Уул (Бес қасиетті тау) деп атайды. Мұнда биіктігі жөнінен Алтайда екінші орын алатын Моңғол Алтайының ең биік шыңы орналасқан. Оның екі атауы бар: біріншісі халықтық – Куйтэн-Уул (Суық тау), екіншісі ресми – Найрамдал (Достық). Соңғы деректер бойынша бұл шыңның биіктігі – 4374 м.

Көзге онша түсе бермейтін Сауыр мен Тарбағатай таулары Қытай мен Қазақстан шекарасында, Балқаш-Алакөл және Зайсан ойыстарының аралығында орналасқан. Тарбағатай батыстан шығысқа қарай 300 км-ге созылып жатыр. Оның табаны бойынша алынған ені 40 км-ге жетеді. Ең ірі шыңы – Тастаудың биіктігі – 2992 м. Жотаның төбесі тегістелген, тек кей бөліктерінде жартасты шыңдар сақталған. Қазіргі заманғы мұздықтар мұнда жоқ, тек Тастаудың беткейлерінде кішігірім қарлы алаңқайлар жаз айының соңына дейін сақталады. «Сауыр» сөзін қазақтар жылқыға қатысты пайдаланады. Таудың бұлай аталуын осы тау массивіне тән дөңесті көтерілуге байланысты түсіндіруге болады. Жотаның ұзындығы 130 км шамасында, ең енді жері 60 км-ге жетеді. Ең биік шыңы Мұзтау Қытай аумағында орналасқан. Оның биіктігі 3816 м-ді құрайды. Сауыр-Тарбағатайда пайдалы қазбалардың өндірістік маңызы бар кен орындары жоқтың қасы. Тек Сауыр мен Маңырақтың солтүстік таулы бөлігінде Кендірлік қоңыр көмір қоры анықталған. Сауыр әлі күнге дейін ең аз зерттелген таулы аумақ болып отыр.

Тянь-Шань – Сырдария өзенінен Гоби шөліне дейін, Такла-Макан шөлінен Балқаш-Алакөл ойысына дейін созылып жатқан орасан үлкен таулы аймақ. Бұл таулардың құрамына Жоңғар (Жетісу) Алатауы да енеді. Тянь-Шаньды, әдетте, Батыс, Солтүстік, Ішкі, Орталық, Шығыс және Жоңғар Алатауына жіктейді. «Тянь-Шань» атауы қытай тілінен енген, ол өз кезегінде «Тәңір тау» - «Аспан таулары» деген көне түркілік топонимнің сөзбе-сөз аудармасы болып табылады. Ежелгі ғұндар бұл тауларды «Ченли» («аспан») деп атаған. Тянь-Шаньның тау жоталары, климаты, жануарлар дүниесі, өсімдіктер әлемі өте мазмұнды суреттелген.

Кітапта Памир ретінде Ферғана ойысы, Памир-Пяндж өзенінің аңғары мен Тарим ойысы аралығында жатқан аумақ қарастырылған, оған Гиссар-Алай (Памир-Алай), Памир және Қашқар Памирі енеді. «Памир» топонимі өте көне, ол, кем дегенде, екі мың жылдан бері қолданылып келеді. Бұл атауды кейде иран тіліндегі «бам» (төбе) сөзімен байланыстырады. Көне иран тіліндегі «Па-и-Михр», яғни «Михрдың аяғының асты» (Күн құдайы) деген түсінік те бар.

Памирдегі жоталардың басым бөлігі ендік бойымен созылып жатыр. Олардың қатарында Түркістан, Зеравшан, Гиссар, Алай, Алай сырты, Солтүстік Аличур, Оңтүстік Аличур, Ванч, Язгулем, Шахдара, Вахан және басқа жоталар бар. Бойлық бойымен орналасқан жоталар мұнда аз, олардың қатарына Сарыкөл, Ишкашим, Ғылым Академиясы жоталары бар.

Памир таулы аймағының биік нүктесі Қашқар Памирінде (Қытай) орналасқан Конгур шыңы (7719 м.) болып табылады. Биіктігі жөнінен Конгуртөбетағ (7595 м.) екінші орын алса, үшіншісі – Мұзтағата (7546 м.). Тәжікстандағы ең биік нүкте Исмаил Самани шыңы (7495 м.). Памирде биіктігі 7 мың метрден асатын тағы екі шың бар: биіктігі 7134 метрге жететін Ленин (бұрынғы Кауфман) шыңы Алай сырты жотасында, ал Евгения Корженевская шыңы (7105 м.) Ғылым Академиясы жотасының солтүстік-батыс сілемінде орналасқан.

Сарыарқа батыстағы Ұлытаудан шығысындағы Тарбағатайға дейін 1000 км-ге созылып жатыр, ал солтүстігі мен оңтүстігінің аралығы Көкшетау қыратынан Балқашқа дейін 900 км-ді құрайды. Сарыарқада аласа тау массивтері алмасып келеді, олар көтеріңкі жазықтардан 300-500 м-дей жоғары жатыр, мұнда шоқыаралық ойыстар да бар.

Сарыарқа аумағында аса ірі Теңіз-Қорғалжын тектоникалық ойысы орналасқан. Бұл ойыста ірі Теңіз көлі мен көптеген ұсақ көлдер орналасқан, оларға шағын өзендер келіп құяды, ең ірісі – Нұра өзені. Бұл көлдердің алабы ағынсыз. Бұл қыратты өңірде аласа массивтер, шоқылар, шоқы топтары, жоталар мен жалдар шашырап орналасқан: кей бөліктерде аласа таулар басым болғанымен, кеңістіктің негізгі аумағын жазықтар алып жатыр.

Сарыарқаның қиыр солтүстігінде Көкшетау қыраты асқақтап тұр, оның биік шыңы – Көкше (947м). Бұл таудың маңайында әйгілі Бурабай және Шортанды көлдері орналасқан. Сонымен қатар Көкшетау қыратында ерекше жерлер жеткілікті: олар Имантау, Зеренді, Арықбалық және көрікті жері – Баянауыл таулары. Ұлытау – Сарыарқаның батыс шетінде орналасқан ірі қыраттың бірі. Сарыарқаның шығыс шетін биіктігі 1077 м-ден аспайтын Шыңғыстау мен Ақшатау таулары тұйықтап жатыр.

Сарыарқа – Қазақстанның сан құбылған құтты өлкесі: мұндағы дала, шөлейт және шөл аясында бір-бірінен қайталанбас табиғат сұлулығымен ерекшеленетін таулар асқақтап тұр. Сарыарқаның қойнауы – отын және кенді пайдалы қазбалардың тек Қазақстандағы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы аса маңызды қоймасы болып табылады. Тас көмірдің мол қоры Қарағанды және Екібастұз алаптарында, мыс кені Жезқазған және Солтүстік Балқаш маңында шоғырланған.

Қорыта келгенде, бұл суретті альбом материалдарында Алтай, Тянь-Шань, Сауыр, Тарбағатай, Памир, Орталық Қазақстанның ұсақ шоқылары (Сарыарқа), Мұғалжар мен Маңғыстаудың, Ақтау мен Қаратаудың таулы ландшафттары, өсімдіктер әлемі, жануарлар дүниесі, қорғалатын аумақтары, табиғат ескерткіштері берілген.

Мұнда оқырмандар альпинизммен және спорттың айрықша түрлерінің тарихымен де таныса алады. Кітап жалпы оқырман қауымға арналып отыр.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 7

18.31.01.21.019. **Ұлық Ұлыс - Алтын Орда** : альбом-монография / Құраст. Ж.Берістен. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 282 б.

Альбом-монография – Алтын Орда ұлысының орнындағы барша халық суретшілерінің шығармаларын біріктіріп тұрған ең алғашқы еңбек. Тарихи тақырыпқа шығармалар арнаған талантты суретшілердің таңдаулы жұмыстары іріктеліп алынып отыр. Осы альбом-монографияны құрастырушы философия ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық Тұран көркемөнер сыйлығының лауреаты Ж.Т. Берістен «Бояу өрісімен таңбаланған Ұлық Ұлыс - Алтын Орда» атты алғы сөзін жазып отыр.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың өз сөзінде «Бүгінде біздің көптеген отандастарымыз бен шетелдік жұртшылық елімізде Жошы хан кесенесінің бар екенін білмейді. Біздің борышымыз – ата-бабаларымыздың өсиеттеріне адал болу. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханды еске алуға міндеттіміз. Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс. Бұл үшін қажетті жұмыстар Алтын Орданың 750 жылдығын тойлау аясында басталуы тиіс» делінген. Ұлық Ұлыс - Алтын Орданың 750 жылдығы және ұлыстың негізін қалаған Жошы хан есімі ұлықталып, атап өткізілді. Ел руханиятындағы маңызды орын алар бұл альбом суретшілердің тарихқа деген көркем шығармашылық арқылы көзқарасы мен көркем дамуын бейнелейді.

Алтын Орда тақырыбы бұл бұрын-соңды болмаған үлкен халықаралық жоба болып отыр. Алтын Орданың мерекесі өнер ордасының мерекесіне айналып, халықаралық мәдени қарым-қатынастардың орталығына айналып отыр. Көрмеге қатысқан бейнелеу өнері шығармалары арқылы суретшілер, көшпелі ата-бабаларымыздың жүріп өткен ұлы тарихының мәңгі екендігін терең сезінгендігі байқалады. Альбомға Ұлы Тұран өлкесінің тұтас бір дәуірін қамтитын көркем шығармашылықтар енгізіліп отыр.

Бұл басылым «TURAN-QAZAQ суретшілер консолидациясының» ұйымдастыру жауапкершілігі арқылы шығармашылық байланыстардың нәтижесі ретінде басылым арқылы ынтымақтастыққа шақыру. Бұл альбом халықаралық тарихи бастама ғана емес, руханият арасындағы бауырластығымызды нығайтуға, шеберлік алмасуларға да үлкен септігін тигізуде. Жаңа Тұран мәдениетінің бастауындағы алғашқы біріккен көрме болып отыр.

Кітапта суретші-кескіндемеші Қанатбек Чагиевтің «Жошының батысқа жорығы» тақырыбындағы картинасы бейнеленсе, кескіндемеші, мүсінші Хабичев Кази-Магомед Исмайлұлының Ұлы Шыңғысханның тағын сипаттап жасау үшін оның рухын, қапысыз өрнектейтін уақыт ырғағына сай символдық тіл іздеп, кілтін іздеп тапқан «Шыңғыс ханның тағы» тақырыбы оның ой жүйесіне, шығармашылық әлеміне өз реңін дарытқан туынды болып отыр. Монументал кескіндемеші, Халықаралық Тұран көркемөнер сыйлығының лауреаты Әсет Жақыпбектің «Алтын Орданың құрылу қарсаңында», «Мәңгілік ел», «Ақсақ құлан» шығармалары үлкен тарихи тақырыптарға арналып, көп фигуралы композициялармен өзінің темпераментіне ерік беріп орындалған. Әр шығармасы романтизм стилінде, көркем ойлау құрылымында эмоционалды интеллекттің болуын дәлелдейді. Зергер, мүсінші, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Естай Даубаевтың романтизм бағытында орындаған жаңа мүсіндік зергерлік композициялары образды оймен, көркемдік түсініктері халықтың рухымен тығыз сабақтас. Автор шабытына негізделген маңызды құндылыққа ие, сапалы жаңа нәрсені таба білген туындылары «Сұңқар», «Тұран Рух», «Бұздық және хан түймесі», Әсет Жақыпбекпен бірге дайындаған «Қазақ хандығы мемориалы» кешеннің философиялық тұжырымдамасы жақсы ойластырылған және ұлттық колоритке баса назар аударылған. Монументал кескіндемеші Ғазиз Ешкенов, суретші монументалист Айдар Жамхан және мүсінші Ұлағат Ажолтаймен бірігіп жасаған «Жошы хан» жобасында мүсіндік ансамблге арналған санадағы жаңғырудың лирикалық көрінісі жаңа қырынан көрінген, сондай-ақ т.б. бірнеше суретшілердің керемет туындылары альбомға енген. Бұл – қазіргі рухани талап деңгейі тудырып отырған мәдени заңдылық. Басылымның көлемімен шектелген құрастырушылар оған тек кескіндеме, графика, сәндік өнер, дизайн және мүсін шеберлерінің, шығармашылық темпераменттерінің әр қилы тақырыптық туындыларын енгізіп отыр.

Альбом-монография суретшілер шығармаларының осы заманғы көркемөнер өміріндегі мәнді кезең болатынына, шығармашылық жолындағы көптеген өнерсүйер қауымның қызығушылығын арттыратындығына мол сенім артады.

Р.М. Күздеубаева

### 18.45 ТЕАТР. ТЕАТРТАНУ

ӘОЖ 792

18.45.01.21.020. **Бәрінен де сен сұлу:** Әңгімелер, пьесалар, аудармалар, өлеңдер / О.Исахов. – Алматы : Мектеп, 2021. – 328 б.

Бұл жинаққа автордың әр жылдары жазған әңгімелері, пьесалары, өлеңдері және аудармалары енді. Шығармалардың негізгі кейіпкерлері жастар және олардың қоғам өміріндегі іс-әрекеттері, жан-дүние толғаныстары, нәзік махаббат сезімдері суреттеледі.

Алғашқы бөлімінде «Дос көңілі», «Үнді әуені», «Сергелдең сезім», «Сырбаз жаз лебі», «Сағынышты ақ түндер», «Әртіс», «Бүгінгінің тойлары», «Қып-қысқа қызық әңгімелер» әңгімелері, пьесалар: «Бәрінен де сен сұлу» - үш көріністі комедия. Кеңсе қабырғасында өтетін көріністер. Басты кейіпкер – Ертай; «Күн көзі» - екі бөлімді пьеса. Иван Радоевтің (Болгария) «Моцарт» атты пьесасы негізінде жазылған; «Көл жағасынан көрініс» - екі бөлімді лирикалық пьеса; «Өз жолымды іздеймін!» бес көріністі пьеса. Әлкен атты ауылдан Алматыға оқуға түсуге келген бала жағдайы көрініс табады; «Сезім оқиғасы» - бір актілі пьеса енгізілген. Студенттер өмірі баяндалады.

Сондай-ақ, «Бертольт Брехт. «1431 жылы Жанна д' Аркке құрылған Руандағы сот», «Сахналық миниатюралар» аудармалары енген.

О. Исахов Ленинград мемлекеттік мәдениет институтын және оның магистратурасын бітірген. Республикалық баспасөз беттерінде мәдениет, өнер мәселелері туралы мақалалары, әңгімелері, аудармалары жарияланып, облыстық театрларда пьесалары, көркемөнерпаздар үйірмесінде сахналық миниатюралары қойылып жүр.

«Қожанасыр жолымен» (пьесалар, сықақ әңгімелер); «Қарабастауға саяхат» (әңгімелер); «Әуесқой актердің алғашқы қадамы» (оқулық) атты кітаптары жарық көрген.

А.Б. Рахишева

ӘОЖ 792

18.45.01.21.021. **Режиссер Жанат Хаджиев** / Құраст. Р. Хаджиева. – Алматы: Арда, 2018. – 128 б. : сур. – (Арда тұлға).

Суретті кітап-альбом – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, профессор, қазақтың әйгілі режиссері Жанат Хаджиевтің өмір суреттерінен құралған шежіре іспетті.

Хаджиев Жанат Әубәкірұлы 1949 жылдың 1 мамырында Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылында дүниеге келген. Жанаттың арғы атасы алты алашқа әйгілі Ыбырай Алтынсарин еді. Ал нағашы жұрты белгілі Ораз Жандосов болса, анасының қолында өскен ол тәрбиені нағашы ағасы Санжар Жандосовтан алған.

Жанат Хаджиев Мәскеудегі М. Щепкин атындағы Жоғары театр училищесінің 1972 жылғы түлегі, С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының негізін қалаушының бірі. 1980 жылы Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтының режиссерлік факультетін бітіріп, туған театрына қайта оралғасын бас режиссер, көркемдік жетекші болған ол Серке театрының биік белеске көтерілуіне бойындағы таланты мен күш-жігерін жұмсады. Талай спектакльді режиссерлік тың шешіммен сахнаға шығарды.

Республикалық театрлар фестивалінде бірнеше мәрте бас жүлдені иеленді. Ж.Хаджиевтің барлық қойылымдары өзіндік ерекшеліктерімен, нақтылығымен және шынайы әрі өміршендігімен құнды болды. Оның қазақ театр өнеріндегі сахналық көптеген көркем дүниелері мен сіңірген еңбегі орасан зор. Суретті кітап-альбомда Жанат Хаджиевтің фотосуреттері, шығармашылықтағы жолдарымен танысуға мүмкіндік берілген. Мысалы: анасы – Мируана Жандосова, жастық шақ суреттері, студенттік кез, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасында Арыстан, Ә.Таразидің «Күлмейтін комедия» спектаклінде Сәтжан рөліндегі, отбасылық, т.б. фотосуреттері. Жетістіктері мен спектакльдері: М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған Республикалық театр фестиваліне «Қарагөз» спектаклімен қатысты. Ш.Айтматовтың 70 жылдығына арналған Халықаралық театр фестивалінде Ж. Хаджиев қойған «Арманым - Әселім» (авт. Ш.Айтматов) спектаклі лауреат атанды. Махамбеттің 200 жылдығына арналған Республикалық театр фестивалінде І.Жансүгіровтің Ж. Хаджиев қойған «Исатай – Махамбет» тарихи драмасы Гран-при бас жүлдені жеңіп алды. С. Жүнісовтың 70 жылдығына арналған республикалық театр фестивалінде «Тұрым-тайдай ұл еді...» (жас Абылай) спектаклі Гран-при иеленді. Ж. Хаджиевтің Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында қойылған соңғы спектакльдері: И.Вовнянконың «Стриптизердің өлімі», И.Ғайыптың «Қорқыттың көрі», І. Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты», Т.Ахтановтың «АНТ», «Күшік күйеу», т.б. қойылымдарының фотосуреттері берілген.

Театр – терең тағылым мен тәлімді тәрбиенің, өрелі өнер мен мінсіз мәдениеттің ордасы. Режиссердің тағдыр-талайынан сыр шерткен суретті еңбектің кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбиелік мәні зор.

Г.С. Енсебаева

## 18.67 КИНО. КИНО ӨНЕРІ

ӘОЖ 791.43

18.67.01.21.022. **Экран өнері және БАҚ:** қазақша-орысша терминологиялық сөздік : 11000-ға жуық сөз бен сөз тіркесі. 1-том / Ғ. Әбілдина. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 214 б. – Библиогр. : 66 атау.

Бұл еңбек бүгінгі заманауи ақпарат көздерінің, әсіресе киноөнері және телевизия өнері саласында терминологиялық сөздік ретінде ұсынылып отырған алғашқы еңбек болып табылады. Қай заманда, қай тілдің болмасын дамуы сол елдің терминологиялық дамуына келіп тіреледі. Қазақ тіліне көптеген кірме сөздер парсы, араб, латын тілдерінен енген. Ал бүгінгі күні осы екі өнер саласына қолданысқа енген сөздердің басым көпшілігі ағылшын тілінен енген кірме сөздер. Осы сөздікке ақпарат, кино және телевизия өндірісі үдерісінің аясында кездесетін 11000-ға жуық кәсіби сөз бен сөз тіркесі тіркесі енгізілген. Сонымен қатар әлемдік ақпарат көздері де есепке алынған. Түсіру алаңдары мен эфир кездерінде айтылатын әрі жазылатын сөздердің нақты жеткізілуіне дерек беріледі.

Бұл – баспасөз құралдары, кино және телевизия мамандығы бойынша қазақ және орыс тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздік. Кітап студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас оқытушыларға, осы салаларға алғаш қызметке алынған мамандар, сондай-ақ, ақпаратты жеткізу өндірісіне қызығушылық танытушы оқырманға арналған.

А.Ш. Абилкаирова



## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

**А**

Ақышева Г.Ә. (016)  
Аманжолов С. (004)

**Ә**

Әбілдаева Л. (003, 016)  
Әбілдина Ф. (022)

**Б**

Бәудиярова Қ. (003)  
Бекжан О.Д. (008)  
Берістен Ж. (019)

**Ғ**

Ғабитов Т. (001)

**Д**

Дәдебаев Ж. (006, 011)

**Ж**

Жадайбаева Ә.Ж. (016)  
Жұматаева А.И. (007)

**И**

Исахов О.И. (020)

**Қ**

Қартаева Т. (003)  
Қыдыр Т.Е. (007, 008)

**Н**

Нұржан С. (009)

**М**

Матыжанов К.І. (007)  
Мәдібаев Қ.Қ. (007)  
Мырзахметұлы М. (006)  
Мырзақасым Ә. (012)

**С**

Сандыбаев Ж. (014)  
Сапаралы Б. (012)  
Седельников В. (018)

**Т**

Таланова О. (018)  
Тасымов А. (005)  
Татығұлов А. (017)  
Тейлор П.М. (015)  
Толымбеков Ж. (013)  
Тұрсынбайұлы Б. (007)

**Х**

Хаджиева Р. (021)  
Хазбулатов А. (015)

**Ш**

Шалабаева Г.К. (016)  
Шапай Т.М. (007)

## РЕФЕРАТТАЛҒАН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗБЕСІ

## Мерзімді және жалғасты басылымдар

## Кітаптар

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық: 1-том /Томды құрастырып, баспаға дайындағандар : К.І. Матыжанов, Қ.Қ. Мәдібаев (түсініктерін жазған), Т.М. Шапай, Т.Е. Қыдыр, Б. Тұрсынбайұлы, А.Н. Жұматаева. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б. - 007

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XL (40) том. Мырзахметов М. Абай : Толық адам әлемі // Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 238 б. – 006

Ақын Сара - Біржан сал : ізденіс / Ж. Толымбеков ; Әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 148 б. - 013

Бәрінен де сен сұлу : Әңгімелер, пьесалар, аудармалар, өлеңдер / О.Исахов. – Алматы : Мектеп, 2021. – 328 б. – 020

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы : бес томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар : О.Д. Бекжан, Т.Е. Қыдыр. – Алматы : Evo Press, 2019. – («Ұлы дала жауһарлары» сериясы). - 008

Т.1 : Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. – 2019. – 632 б.

Т.2 : Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (IX-XII ғғ.) – 2020. – 560 б.;

Т.3 : Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (діни-дидактикалық шығармалар). – 2020. – 576 б.

Есенғали. Рецензиялар, мақалалар, өлең-толғаулар; қазанама, қоштасу сөз, аза жырлар / Жауапты ред. С. Нұржан. – Алматы : Жазушы, 2021. – 300 б. - 009

Жамбыл Жабаев. Шығармалар жинағы. 10 томдық. 1-том. Өлең-жырлар (қазақ тілінде). – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2021. – 440 б. - 010

Заманауи Қазақстан суретшілері / ред. : А. Хазбулатов, П. М. Тейлор. – Астана, 2018. – 264 б. - 015

KAZGOR. Жобалар. Проекты. Projects / Құраст. А.Татыгулов. – Алматы : «Basbaqan» баспасы, 2019. – 368 б. – Қазақ, орыс және ағылшын тіл-де. - 017

Қазақ әдебиетінің тарихы : оқу құралы. 1-бөлім / Ж. Дәдебаев ; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу ин-ты. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 458 б.- 011

Қазақ диалектологиясы : оқу құралы / А. Тасымов ; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – 2-бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 159 б. - 005

Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы : жоғары және орта білім беру орындарына арналған оқулық / Т. Ғабитов. – Алматы : Лантар Трейд, 2020. – 257 б. – 001

Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме = Изобразительное искусство Казахстана. Живопись = Fine arts of Kazakhstan. Painting : каталог У-Я. 3-том : Театр және кино суретшілері ; Кейін түскен туындылар / Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ; жоба жетекшісі Г.К. Шалабаева ; каталог құраст. : Г.Ә. Ақышева, Л.О. Әбілдаева, Ә.Ж. Жадайбаева және т.б. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2020. – 552 б. : сур. – 016

Қайым Мұхамедханов: библиографиялық көрсеткіш = Каюм Мухамедханов: библиографический указатель. – Алматы: Мектеп, 2020. – 274 б - 002

Құнанбай қажы / Б. Сапаралы; құраст. Ә. Мырзақасым. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 344 б. – Библиогр. : 9 атау. – 012

Музей ісіндегі инновациялар : оқу құралы / Т. Қартаева, Қ. Баудиярова, Л.Әбілдаева ; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 137 б. : сур. – 003

Музыка туралы үлкен кітап. 2-бөлім / Әбу Насыр әл-Фараби; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті ; ауд. Ж. Сандыбаев. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 434 б. – 014

Орталық Азия таулары = Central Asian mountains : фотоальбом / құраст. : В. Седелников, О. Таланова. – 2-бас. – Алматы : Мектеп, 2020. – 360 б. : сур. - 018

Режиссер Жанат Хаджиев / құраст. Р. Хаджиева. – Алматы : Арда, 2018. – 128 б. : сур. – (Арда тұлға). - 021

Тіл және жазу = Язык и письмо / С. Аманжолов. – 2-бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 404 б. : 9 б. жапсырма. - 004

Ұлық Ұлыс - Алтын Орда : альбом-монография / құраст. Ж.Берістен. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 282 б. – 019

Экран өнері және БАҚ : қазақша-орысша терминологиялық сөздік : 11000-ға жуық сөз бен сөз тіркесі. 1-том / Ғ. Әбілдина. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 214 б. – Библиогр. : 66 атау. - 022

## МАЗМҰНЫ

13. МӘДЕНИЕТ .....	2
13.41 БИБЛИОГРАФИЯ. БИБЛИОГРАФИЯТАНУ.....	3
13.51 МУЗЕЙ ІСІ. МУЗЕЙТАНУ.....	3-5
16 ТІЛ БІЛІМІ.....	5-7
17 ӘДЕБИЕТ. ӘДЕБИЕТТАНУ.....	7-14
17. 71 ХАЛЫҚ АҚЫНДЫҚ ӨНЕРІ.....	14-15
18 ӨНЕР. ӨНЕРТАНУ.....	15-16
18.31 БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ.....	16-23
18.45 ТЕАТР. ТЕАТРТАНУ.....	23-24
18.67 КИНО. КИНО ӨНЕРІ.....	24
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ.....	25
РЕФЕРАТТАЛҒАН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗБЕСІ.....	26-27